3.4. Экологиялық тұрақтылық	«АТСП» ҰК» АҚ бизнесті басқару жауапкершілігін жергілікті қоршаған ортаға әсерін барынша азайтатындай етіп мойындап, тұрақты тәжірибеге ұмтылады. «АТСП» ҰК» АҚ басшылыққа алу үшін 5 негізгі тақырыпты сақтай отырып қызметтің қоршаған аумаққа әсерін шектеу жұмысын жалғастырады: 1. <u>Қоршаған ортаға әсерді басқару</u>. «Біз өз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін және порттың тұрақты дамуын басқаруға тырысамыз»; 2. <u>Біздің шекарамыздан тыс</u>. «Біз Қазақстан Республикасының ратификацияланған халықаралық конвенцияларға енгізілген табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтаймыз»;	1. 2023 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары көлемі 12,18 тонна құрайды, рұқсат етілген кезең лимиті 41,13 тонна құрайды. Өткен жылғы осы кезеңіндегі шығарындылардың нақты көлемі 6,64 тонна құрады. Өткен жылмен салыстырғанда ластаушы заттар шығарындыларының ұлғаюы 1,1 есе құрайды. Ластаушы заттар шығарындылары көлемінің ұлғаюы құрғақ жүк айлақтары арқылы кокс ауыстырып тиеу көлемінің 1,6 есе ұлғаюына, «Бұлақ» ЛСЖ кеме қозғалтқышының жұмыс сағатының 2,3 есеге ұлғаюына, ағаш өңдеу станоктарының жұмыс сағатының 2 есеге ұлғаюына байланысты. 2. 2023 жылға «АТСП» ҰК» АҚ бойынша табиғат қорғау шаралары жоспарына сәйкес жалпы сомасы 33617,6 мың теңгеге 13 шара жоспарланған, оның ішінде 18 679 мың теңгеге 11 шара орындалды. Көлемі бойынша игеру 99%, ақшалай түрде-56% құрайды. 3. 2023 жылы тұтыну және өндіріс қалдықтарының көлемі 739,03 тонна құрап, өткен жылдың осы кезеңінде 499,82 тонна

3. Мінсіз басқарушылар. «Біз полигонға орналастырылған қалдықтарды азайту мақсатында қалдықтарды барынша қайта өңдеуге ұмтылғанымызды мақтан тұтамыз»;

4. Біздің жүйелер және қолдау. «Біз порттың экологиялық саясатын жүзеге асыруда клиенттермен, жеткізушілермен, билікпен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастықты жүзеге асырамыз»;

5. Порт-қала қатынастары. «Порт аумағында және одан тыс жерлерде өзара оң әрекеттесуді дамытуға мүмкіндік туғызып, тұрақты дамуды құруға үлес қосады».

«АТСП» ҰК» АҚ тұтынылған энергия, су және қалдықтардың пайда болуы туралы мәліметтерді толық жинауды, оның пайдалану және құнын сандық бағалауды қолдайды және бұл деректерді ресурстарды жақсарту мүмкіндігін анықтау және материалдық және ақшалай жинақтарды сандық бағалау үшін пайдаланады.

Логистикалық хаб ретінде «АТСП» ҰК» АҚ сонымен қатар операциялық қызметке байланысты CO₂ шығарындылар көзі болып табылады. «АТСП» ҰК» АҚ CO₂ шығарындыларын 25% азайтуға тырысады, бұл автомобиль көлігі орнына теміржол және құбыр көлігімен тасымалдауды ілгерілету және «жасыл порт» мәртебесін сақтау арқылы осы

құрады.

2022 жылғы осындай есептік кезеңмен салыстырғанда есептік кезеңдегі қалдықтар көлемінің ұлғаюы кемелерден қабылданатын қалдықтардың, атап айтқанда, құрамында мұнай бар жер асты суларының көлемі 2 есе, ҚТҚ 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 1,6 есе ұлғаюына байланысты.

Есептік кезеңде үшінші тарап ұйымдарына жасалған шарттар бойынша қайта өңдеуге барлығы: 36,34 мың теңгеге 5,096 тонна көлемінде пластик, макулатура, ақаулы электрондық жабдық берілді.

Ақаулы электрондық жабдық тапсыру көлемін 1,987 тоннаға ұлғайту бойынша оң қарқын байқалады. Қайта өңделетін шикізат көлемінің өсуі полигонға қалдықтарды аз орналастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, электрондық құжат айналымын белсенді пайдалануға байланысты 2022 жылмен салыстырғанда түзілетін макулатура көлемінің 1,3 тоннаға азайғанын атап өткен жөн.

4. Өнім берушілердің экологиялық нормалар мен заңнама талаптарын сақтауы мақсатында қызметтерге техникалық сипаттама әзірлеу кезінде техникалық тапсырмалар мен техникалық сипаттамаларды сапалы дайындау жұмысы жүргізіледі. Экология бойынша барлық қажетті рұқсат құжаттарын ұсынған жеткізушіге артықшылық беріледі.

5. 2023 жылы стационарлық нысандардан парниктік газдар шығарындылары 7,20 тонна, ал 2022 жылы 3,18 тонна құрады. Шығарындылар көлемі өткен кезеңмен салыстырғанда 2,2 есеге өсті. Себеп – кеме кіргізу саны ұлғайды (2023 жылы 457 кеме, өткен жылғы осы кезеңде – 223 кеме) және соған сәйкес «Бұлақ» ЛСЖ кеме қозғалтқыштарының жұмыс сағаты өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есеге ұлғайды.

2023 жылы стационарлық объектілерден жоспарланған экологиялық төлемдер 1750,5 мың теңге, нақты төлем 614,5 мың теңге құрады. 2022 жылы нақты экологиялық

шығарындыларды азайтуға шақырады.

төлем 259,46 мың теңге құрайды, ол:

- АЕК мөлшерлемесінің жыл сайын ұлғаюына;
- құрғақ жүк айлақтары арқылы кокс ауыстырып тиеу көлемінің 1,6 есеге ұлғаюына;
- «Бұлақ» ЛСЖ кеме қозғалтқышының жұмыс сағаты мен кеме крігізу санының 2,5 есеге ұлғаюына;
- ағаш өңдеу станоктарының жұмыс сағатының 2 есеге ұлғаюына байланысты.

2022 жылы № 4 «Клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру» стратегиялық мақсатына қол жеткізу нәтижелері

	Стратегиялық бастамалар	Жетістік нәтижелері туралы ақпарат
4.1. Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды құру	«АТСП» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері арасында олардың арасындағы жауапкершілік аймақтарын диагностикалап, бизнес-процестердің схемаларын оңтайландырып өзара іс-қимыл құру	Бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру, бизнес-процесс схемаларын оңтайландыру шеңберінде, сондай-ақ қызметті материалдық-техникалық қамтамасыз ету процесін жақсарту мақсатында «АТСП» ҰК» АҚ ықтимал сәйкессіздіктерді анықтау, сәйкессіздіктерді тудырған себептерді анықтау, 2023 жылғы 13 қыркүйектегі бұйрықпен материалдық-техникалық қамтамасыз ету процесін жақсарту жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрылды. Жұмыс тобы құрылған сәттен бастап 15 отырыс өткізілді, экономика және қаржы департаментінің, өндірістік-техникалық бөлімнің және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының бизнес-процестері қаралды. Кодтарды іздеуге уақытты қысқарту мақсатында МТҚБ мамандарының бюджеттік өтінімге ТЖҚ БНАЖ кодтарын дербес енгізу, экономистердің SAP кодтарын ЭҚД айқындау туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, жоспарланған жыл алдындағы жыл басында қорлар шығысының бюджетін қалыптастыру туралы шешім қабылданды. Айта кету керек, бюджеттік өтінімге Келісуші тұлғалардың тірі қолдарын жинау тоқтатылды. Барлық өтінімдер электрондық құжат айналымы жүйесінде қалыптастырылады.


		Жұмыс тобының қызметі шеңберінде «АТСП» ҰК» АҚ сатып алатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге маркетингтік бағалар алу регламенті (бұдан әрі - Регламент) әзірленіп, бұйрықпен бекітілді. Регламентте «ҚТЖ» ҰК» АҚ баға маркетингін алуға, бюджетті әзірлеп, түзету шеңберінде баға маркетингін алуға, өткізілмеген сатып алу шеңберінде бағаларды қайта қарауға, дербес маркетингтік зерттеулер жүргізуге және т. б. жиынтық сұратуды қалыптастыру мерзімдері мен тәртібі айқындалған. Регламент жобасын қарау барысында жұмыс тобының мүшелері процестің картасы мен блок-схемасын, баға маркетингін алуға өтінім нысанын жасады. ӨТБ барлық қызметкерлері әлеуетті жеткізушілерді, жеткізушілерден коммерциялық ұсыныстар, прайстар, прейскуранттарды іздеумен айналысады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады: бюджеттеу процестері жеңілдетуге қайта қаралды, бұл өндірістік бөлімшелердің бюджеттеу процесіне қатысуын барынша азайтуға мүмкіндік берді, шығыстар баптарының әкімшілері анықталды, Бюджеттік өтінімді қағаз жүзінде келісу және қол қою алынып тасталды, сатып алынатын ТЖҚ маркетингтік бағалар алу процесі сипатталды. Осылайша, 2024 жылы клиенттермен жұмыс істеу процестері де қайта қаралатын болады.
4.2. Қосымша сервистерді дамыту	Қосымша сервистерді дамыту: - ірі габаритті / ауыр салмақты жүктерді ауыстырып тиеу үшін жағдай жасау жұмысы жалғастырылатын болады; - порт кран жабдығының жүк көтергіштігі жеткіліксіз болған кезде қажетті техникалық сипаттамалары бар жалға алынған жүк көтергіш жабдық пайдалану мүмкіндігін беру.	Ірі габаритті / ауыр салмақты жүктерді тасымалдау үшін жағдай жасау жұмысы 2024-2026 жылдары жалғастырылатын болады. 2023 жылы жүк ауыстырып тиеу өзінің техникалық құралдарымен жүзеге асырылды. Жүк ауыстырып тиеу үшін бөгде техника тарту (жалға алу) талап етілмеді.

4.3. Клиенттерге ыңғайлы төлем шарттарын ұсыну	Клиенттерге Екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары арқылы интернет-төлемдер арқылы неғұрлым қолайлы төлем шарттарын ұсыну	2022 жылғы қаңтардан бастап мобильді банк қосымшасында Kaspi.kz жеке тұлғалардың порт қызметтеріне ақы төлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін функционал енгізілді.
4.4. Жақсартуды қажет ететін аймақтарды анықтау	Жақсартуды талап ететін аймақтарды анықтау мақсатында шеңберінде «АТСП» ҰК» АҚ тұрақты негізде тұтынушылардың қанағаттану журналдары арқылы сауалнама, дөңгелек үстел, тоқсан сайынғы кездесулер өткізу арқылы клиенттерге сауалнама жүргізетін болады. Алынған талдау нәтижелері бойынша клиенттердің қанағаттануын жақсарту шаралары әзірленіп, іске асырылатын болады.	«АТСП» ҰК» АҚ тұтынушыларының клиентке бағдарлануын және қанағаттанушылығын арттыру мақсатында, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ Даму стратегиясына сәйкес «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының (Президентінің) бұйрығымен клиенттермен жұмыс бөлігінде коммерциялық және операциялық блоктардың қызметіне қатысты процестерді қарау бойынша құрамында 16 адам бар кросс-функционалдық команда құрылды. Команданың үйлестірушісі болып операциялық жұмыс жөніндегі атқарушы директор тағайындалды. Командаға «АТСП» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылда клиенттің іс-қимылдарының реттілігін білдіретін «клиент жолын» талдап, әзірлеу тапсырылды. Бірінші отырыс нәтижелері бойынша клиенттердің соңғы үш жылдағы өтініштері (хаттар, сауалнамалар, шағымдар) жиналып, талданды, клиенттермен жұмыс бойынша бизнес-процестер тізбесі жасалды. Сондай-ақ, 2023 жылғы 30 мамырда «АТСП» ҰК» АҚ басшылығының қатысуымен клиенттер арасындағы жұмыс барысында кездесетін проблемалық және өзге де мәселелерді талқылап, шешу үшін кездесу өткізілді. 2023 жылғы 7 қыркүйекте «АТСП» ҰК» АҚ басшылығының қатысуымен «Қазтрансойл, мұнай құю терминалдары мен теңіз тасымалдаушыларының қатысуымен «АТСП» ҰК» АҚ мұнай құю айлақтарына кемелерді қою регламенті» (бұдан әрі – Регламент) жобасын егжей-тегжейлі талқылау үшін кездесу өткізілді.

НАРЫҚҚА ШОЛУ ЖӘНЕ НАРЫҚТАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ

2023 жылы Каспий бассейні елдерінің жүк айналымы

2023 жылғы көрсеткіштер, мың тонна




Бүгінгі таңда Ақтау порты ел экономикасын дамытуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол арқылы Каспий маңы елдері мен алыс шет елдер бағытында экспорттық-импорттық және транзиттік жүктердің негізгі ағымы өтеді.


Ақтау портында өңделетін жүктің негізгі номенклатурасы мұнай, астық болып табылады. Ақтау портының соңғы жылдардағы жүк айналымының көрсеткіштері 2013 жылдан 2023 жылға дейінгі теріс динамиканы көрсетеді.

Ақтау теңіз портының жүк айналымының құрылымын соңғы он жылдағы жүк түрлері бойынша талдай келе, барлық көлемнің ең үлкен үлесі мұнай, ал ең азы – басқа жүктер екенін атап өткен жөн.

10 жыл ішіндегі "АХТСП" ҰК" АҚ өндірістік көрсеткіштері, мың тонна



2014-2023 жылдардағы жалпы мұнай ауыстырып тиеу. мың тонна



Шығыс пен Батыс арасындағы шекара маңы аумағы бола отырып, Маңғыстау облысында Еуразиялық тауар ағыны жүйесінде маңызды түйін құрудың алғышарттары бар. «Қазақстанның теңіз қақпасы» деп танылған облыс ТРАСЕКА, Солтүстік-Оңтүстік және ТХКМ халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында тұрған маңызды байланыстырушы буын болып табылады. Қолайлы климаттық жағдайлар және Каспий маңы мемлекеттеріне теңіз арқылы шығу көрші елдермен сауда-экономикалық қатынастарды орнатуға бірегей мүмкіндік туғызады, ал Қытаймен шекаралас шекара станцияларымен тікелей теміржол байланысын қамтамасыз ететін ішкі тармақталған теміржол жүйесінің болуы жүк айналымын арттыруға мүмкіндік береді.

Ақтау портын солтүстік бағытқа кеңейту және Құрық портын салу жобаларын іске асыруды аяқтау Қазақстанға Жаңа Жібек жолы жобасын іске асыруға ықпал ететін Қытайдан Еуропаға Транскаспий дәлізінің тізбегін жабуға мүмкіндік берді.

Жезқазған-Бейнеу, Боржақты-Ерсай темір жол жобаларын, Алят портындағы (Әзірбайжан Республикасы) жаңа заманауи паром терминалдарын, сондай-ақ Баку-Тбилиси-Карс (Әзірбайжан-Грузия-Түркия) темір жол желісін Ақтау портымен ұштастыру отандық және транзиттік жүктердің еуропалық нарыққа шығарып, тікелей мультимодальды дәліз ашуға мүмкіндік берді, сол арқылы транзиттік ағындар үшін күрестегі мүмкіндіктер.

Каспий бассейнінің негізгі порттары: Иран жағалауындағы Анзали, Амирабад, Ноушахр, Әзірбайжан жағалауындағы Баку халықаралық теңіз сауда порты, Ресей жағалауындағы Махачкала, Астрахань және Оля, Қазақстан жағалауындағы Ақтау теңіз сауда порты, Ақтау теңіз солтүстік терминалы және Құрық порты, түркмен жағалауындағы Түрікменбашы.

Бүгінде Ақтау порты әлемдік тәжірибені зерделей отырып, Орталық Азия өңіріндегі көлік ағындарын түрлендіруге шақырылатын контейнерлік-логистикалық хаб құру бойынша жұмысты белсенді жүргізуде. Каспий өңірі мен Орталық Азия елдері үшін порт аумағында контейнерлік парктің болуы клиенттерге олардың жүктерін портқа темір жол вагондарымен, сондай-ақ осы жүктерді контейнерлерде одан әрі тиеп жөнелту үшін автомобиль көлігімен жеткізу кезінде қолайлы жағдай жасайды.

Порт аумағында халықаралық контейнерлік операторлардың бос контейнерлерінің болуы жүктерді вагондармен тасымалдауды жүзеге асыратын отандық экспорттаушыларға жүктерді вагондардан контейнерлерге одан әрі теңіз арқылы жөнелту үшін қайта тиеуге мүмкіндік береді. Бұл шығындар жүкті жеткізу уақытын айтарлықтай қысқартады. Тәжірибелі және білікті жұмыс күшімен біріктірілген тиімді дәліз Орталық Азиядағы клиенттер үшін әзірленген жылдам, үнемді және қауіпсіз жеткізу маршрутына кепілдік береді.

РЕТТЕУШІ ОРТА (GRI 2-23, 2-27):

Тарифтердегі өзгеріс

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөлімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 1998 жылғы 4 желтоқсандағы «Теңіз порттары саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі туралы» бұйрығына сәйкес республикалық бөлімге енгізілді.

1998 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде реттеліп көрсетілетін қызметтер тізбесінен мынадай қызметтер алынып тасталды:

- клиенттің күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысы);
- теңіз портының күштерімен, құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі бұйрығы);
- кемені теңіз портына мұнай мен мұнай өнімдерін танкерге/танкерлерге құбыр жолдары арқылы тиеу-жөнелту үшін порттан кейін шыға отырып, теңіз портына кіргені үшін көрсетілетін қызметтерден басқа кемелердің барлық түрлері үшін кеме қатынасы қызметтері (кеме қатынасы) (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 8 маусымдағы бұйрығы).
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы бұйрығымен Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспорттау мақсатында оларды ауыстырып тиеуді қоспағанда, танкерге/танкерлерге құбыржолдар арқылы мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу үшін кемені теңіз портына кіргізу (2021 жылғы 1 ақпандағы Табиғи монополиялар субъектілерінің тіркелімінен шығару туралы куәлік).

Порт қызметтерін қайта реттеу «АТСП» ҰК» АҚ төлем деңгейін белгілеу туралы өз бетінше шешім қабылдауға, икемді баға саясатын жүргізуге мүмкіндік береді.

Сүмен жабдықтау және су бұру саласындағы «Тарату желілері бойынша су беру» және «Сарқынды суларды бұру» қызметтеріне тарифтер мемлекеттік реттеуге жатады. Қалған қызметтер бойынша Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 26-бабының 4) тармақшасына және 116-бабының 1-тармағына сәйкес «АТСП» ҰК» АҚ төлем деңгейлерін дербес белгілейді.

«АТСП» ҰК» АҚ қызметтеріне тарифтер мен төлемдерді қалыптастыру «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен бекітілген «АТСП» ҰК» АҚ тарифтік саясатына, «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 20 қазандағы шешімімен бекітілген Кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2023 жыл ішінде тарифтік комиссияның 12 отырысы өткізіліп, төмендегі қызмет түрлеріне төлемдер көтерілді:

- теңіз портының күштерімен, құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары орта есеппен 16%;
- сумен жабдықтау және су бұру саласындағы реттелетін қызметтер 7% (индекстеу).

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қызмет саласы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

«АТСП» ҰК» АҚ қызметтерін реттеуді ескере отырып (2021 жылғы 01 ақпандағы табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркелімнен шығару туралы куәлік), сондай-ақ қосымша қызмет түрлерін келісу шеңберінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 2 шілдедегі бұйрығы негізінде 2022 жылы ҚР мынадай нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер енгізуге бастамашылық жасалды:

- Теңіз портының міндетті қызметтерінің тізбесі (2015 жылғы 30 қаңтардағы №77 бұйрық) навигациялық қызметтерді тұжырымдауды нақтылау бөлігінде;
- Теңіз портының міндетті қызметтері үшін бағалар (тарифтер) қолдану қағидалары (2019 жылғы 01 тамыздағы бұйрық) порт қызметтері үшін төлем қолдану қағидаларының тармақтарын өзгерту бөлігінде және балық аулау кемелерінің кеме қатынасы үшін төлемақыны қолдану қосу бөлігінде толықтырулар;
- Теңіз көлігінде экспедиторлық қызметті жүзеге асыру қағидалары (2015 жылғы 24 сәуірдегі бұйрық) «Көлік ыдысы мен қаптамасын жөндеу» 12) тармағын толықтыру бөлігінде – контейнерлер жөндеу қызметі.

Сондай-ақ, 2022 жылы басталған порт инфрақұрылымы объектілері мен кешендерін салу, қайта құру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу жобаларын іске асырудың ерекше (оңайлатылған, жедел) тәртібін әзірлеу және қолданысқа енгізу қажеттілігі туралы мәселе Үкіметтік деңгейде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 12 қаңтардағы «Құрылыс объектісін ерекше реттеуді және (немесе) мемлекеттік регламенттеуді талап ететін объектілерге жатқызу туралы» қаулысына сәйкес «Ақтау порты базасында контейнерлік хаб салу» объектісі ерекше реттеуді талап ететін объектілерге жатқызылды, бұл бір мезгілде жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуді қатар жүргізуге және құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді.

ҚАРЫЗ ЖҮКТЕМЕСІ (GRI 2-24)

«Ақтау халықаралық теңіз портын солтүстік бағытта кеңейту» жобасын іске асыру шеңберінде мол және толқын тосқы қорғаныш гидротехникалық құрылыстарын салу үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ) жалпы сомасы 8 82,2 млн екі қарыз тартылды:

- сыйақы мөлшерлемесі-жылдық 7% тіркелген (белгіленген);
- қарыз мерзімі - 1 қарыз - 2026 жылға дейін, 2 қарыз - 2025 жылға дейін);
- Қарыз валютасы—ұлттық теңге валютасы

2023 жылы қарыздар бойынша төлем 3 185 625 мың теңге құрады.

Қарыз	Сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу мерзімі	2023 жылы төленгені			НҚ қалдық және %
			Барлығы	НҚ	%	

мың теңге

1 қарыз	7%	2026 г.	407 859	200 000	207 859	2 886 721
2 қарыз	7%	2025 г.	2 777 766	2 556 684	221 082	628 954
Барлығы:			3 185 625	2 756 684	428 941	3 515 675

2023 жылғы 28 желтоқсанда 2 қарыз бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын 1 500 000 теңге көлемінде ішінара өтелді.

Қарыздар бойынша берешек қалдығы 3 515 675 мың теңге құрайды:

- 1 қарыз – 2 886 721 мың теңге;
- 2 қарыз – 628 954 мың теңге.

Қарыздардың әрекет ету мерзімінің соңына дейін барлығы 3 939 724 мың теңге өтеу керек:

- 1 қарыз – 3 277 814 мың теңге (негізгі борыш – 2 819 417 мың теңге, сыйақы – 458 398 мың теңге);
- 2 қарыз – 661 909 мың теңге (негізгі борыш – 613 368 мың теңге, сыйақы – 49 541 мың теңге).

ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТТІ ШОЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ (GRI 201-1)

2023 жылғы өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2023 жыл	2022 жыл	2021 жыл
Жалпы ауыстырып тиеу	мың тонна	4 483	3 818	3 501
Мұнай	мың тонна	3 614	2 462	2 191
Астық	мың тонна	177	447	635
Басқа жүктер, соның ішінде:	мың тонна	693	909	675
контейнерлер, соның ішінде:	ЖФЭ	22 780	30 708	27 624
<i>ТХКМ маршруты</i>	ЖФЭ	16 387	27 094	17 741
<i>ККТИ маршрут</i>	ЖФЭ			132
Өзге:	ЖФЭ	6 393	3 614	9 751
Табыс	мың теңге	11 194 385	9 670 762	7 601 460
Жүк ауыстырып тиеуден табыс, соның ішінде:	мың теңге	6 497 431	5 971 784	4 585 805
Мұнай	мың теңге	3 859 775	2 629 453	2 148 710
Астық	мың теңге	290 122	789 233	1 019 498
<i>Басқа жүктер</i>	мың теңге	2 347 534	2 553 098	1 417 597
Кеме кіргізу қызметінен табыс	мың теңге	2 906 116	2 103 496	2 033 887
Порт флоты қызметінен табыс	мың теңге	991 678	870 320	603 204
Жүк сақтаудан табыс	мың теңге	331 933	311 411	219 579
Өзге табыс	мың теңге	467 227	413 751	158 985

2023 жылы жүк жалпы ауыстырып тиеу 1 483 мың тонна немесе 2022 жылғы нақтыға 117% (3 818 мың тонна) құрады, оның ішінде:

- мұнай ауыстырып тиеу 3 814 мың тонна немесе өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 147% құрады (2 462 мың тонна);

- астық ауыстырып тиеу 117 мың тонна немесе 2022 жылғы нақтыға 40% (447 мың тонна);
- басқа және бас жүктерді ауыстырып тиеу 699 мың тонна немесе 2022 жылғы осы кезеңге (909 мың тонна) 76% құрады, оның ішінде:
- контейнерлерді барлық бағыттар бойынша ауыстырып тиеу 22780 ЖФЭ немесе өткен жылғы нақтыға 74% (30 728 ЖФЭ) құрады, оның ішінде:

ТХКМ бойынша – 16 387 ЖФЭ немесе өткен жылғы осы кезеңге 60% (17 094 ЖФЭ);

басқа контейнерлерді ауыстырып тиеу – 6 383 ЖФЭ немесе өткен жылғы нақтыға 177% (3 614 ЖФЭ).

2023 жыл қорытындысы бойынша негізгі қызметтен түскен кірістер (түсімдер) 11 194 388 мың теңге немесе өткен жылғыға 116% (9 670 783 мың теңге) құрады:

1) жүк ауыстырып тиеуден түскен табыс 6 497 431 мың теңге немесе 2022 жылғы нақтыға 109% құрады, (5 917 784 мың теңге), бұл мұнау ауыстырып тиеу көлемінің ұлғаюына байланысты болды:

- мұнай ауыстырып тиеу – 3 859 775 мың теңге немесе 2022 жылға 147% (2 629 453 мың теңге).

Сонымен қатар,

- астық ауыстырып тиеуден түскен табыс 290 222 мың теңге немесе 2022 жылғы нақтыға 37% - % (788 233 мың теңге) құрады;

- басқа жүктерді ауыстырып тиеуден түскен табыс 2 347 334 мың теңге немесе 2022 жылғы нақтыға 32% - % (1 553 099 мың теңге) құрады;

2) кеме кіргізу қызметінен түскен табыс 2 906 115 мың теңге немесе өткен жылғы дерек бойынша 138% -. (2 109 496 мың теңге) құрады.

3) порт флоты қызметінен түскен табыс 991 618 мың теңге немесе өткен жылғы дерек бойынша 114% (870 320 мың теңге) құрады.

4) жүк сақтаудан түскен нақты табыс 331 993 мың теңге немесе өткен жылғы дерек бойынша 107% (311 411 мың теңге) құрады.

5) өзге табыс 467 227 мың теңге немесе 2022 жылғы дерек бойынша 115% (413 751 мың теңге) құрады.

2023 жылғы шығындар туралы ақпарат

Атауы	мың теңге		
	2023 жыл	2022 жыл	2021 жыл
Өзіндік құн	6 450 062	5 584 445	4 959 643
Қысқа мерзімді резервтерді қоса қызметкерлерге арналған шығындар	3 970 249	3 207 144	2 459 697
Тозу және амортизация	955 418	924 286	963 691
Жөндеу және қызмет көрсету	401 771	284 817	273 577
Материалдар мен қорлар	206 603	146 512	267 161
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер	176 175	117 125	117 614
Күзет қызметі	148 437	121 223	124 712
Отын, ЖЖМ	143 582	132 731	107 918
Салықтар	137 162	365 727	368 449

Еңбек қызметі аяқталғасын қызметкерлерге сыйақы бойынша шығындар	79 744	74 827	61 099
Электр энергиясы	77 107	69 924	81 636
Басқалары	153 814	140 129	134 089
Әкімшілік шығындар	1 490 150	1 283 761	1 272 545
Қысқа мерзімді резервтерді қоса қызметкерлерген арналған шығындар	741 518	586 989	756 409
Салықтар	172 246	308 965	140 186
ТЭН әзірлеу және түзету қызметтері	149 310	-	-
Мерекелік және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу шығындары	61 066	19 640	15 026
Тозу және амортизация	58 625	56 473	58 482
Іссапар және өкілдік шығындар	37 140	46 460	25 804
Консультациялық, аудиторлық және заң қызметтері	35 555	34 275	32 784
Еңбек қызметі аяқталғасын қызметкерлерге сыйақы бойынша шығындар	14 116	13 961	13 225
Материалдар	7 319	11 589	10 130
Басқалары	213 255	205 409	220 499

Кіріс пен шығын туралы ақпарат

мың теңге

Атауы	2023 жыл	2022 жыл	2021 жыл
Пайда	11 194 385	9 670 762	7 601 460
Өткізудің өзіндік құны	(6 450 062)	(5 584 445)	(4 959 643)
Жалпы кіріс	4 744 323	4 086 317	2 641 817
Әкімшілік шығындар	(1 490 150)	(1 283 761)	(1 272 545)
Өзге де (шығындар)/пайда, нетто	(4 173)	(324 235)	29 638
Қаржы активтері бойынша құнсыздану шығындары	(46 313)	(25 533)	(27 498)
Қаржылық кіріс	583 254	372 018	274 438
Қаржылық шығындар	(398 989)	(485 682)	(562 533)
Бағамдық айырмашылықтан түскен пайда, нетто	(56 735)	63 426	19 166
Салық салуға дейінгі пайда	3 331 217	2 402 550	1 102 483
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(265 919)	(548 353)	(226 946)
Бір жылдағы пайда	3 065 298	1 854 197	875 537

2023 жыл қорытындысы бойынша негізгі қызметтен түскен табыс 11 194 385 мың теңге немесе өткен жылғы дерек бойынша 116% (9 670 762 мың теңге) құрады, бұл жүк ауыстырып тиеу көлемінің ұлғаюына байланысты.

Өндірістік өзіндік құн шығындары-6 450 062 мың теңге немесе 2022 жылғы дерекке 116% (5 584 445 мың теңге), бұл жалақы бойынша шығындардың ұлғаюына, тауарлар, жанар-жағармай материалдары, жұмыстар мен қызметтер құнының өсуіне байланысты.

Әкімшілік шығындар 1 490 150 мың теңге немесе өткен жылғы дерекке 116% құрады (1 283 761 мың теңге).

Қаржылық табыс 583 254 мың теңге немесе өткен жылға 157% құрады (372 018 мың теңге).

Қаржыландыру шығындары 398 989 мың теңге немесе 2022 жылғы дерекке 82% құрады (485 682 мың теңге).

2023 жыл қорытындысы бойынша таза кіріс 3 065 298 мың теңге немесе өткен жылғы дерекке 165% (1 854 197 мың теңге) құрады.

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы ақпарат

мың теңге

Атауы	2023 жыл	2022 жыл	2021 жыл
Таза операциялық ақша ағыны	4 418 740	3 391 845	2 257 739
Күрделі салымдар бойынша шығу	(1 839 367)	(305 661)	(485 261)
FCFC (күрделі салымдарды қаржыландырудан кейінгі ақша ағыны	2 579 373	3 086 184	1 772 478
Қарыз бойынша негізгі борышты өтеу	(2 756 684)	(1 076 684)	(1 076 684)
Өзге ақша ағыны	(666 526)	41 396	-187 908
Ақшалай қаражат теңгеріміндегі өзге өзгерістер	(61 035)	63 802	15 708
Кезең басындағы ақша	3 437 848	1 323 150	799 556
Кезең соңындағы ақша	2 532 976	3 437 848	1 323 150

2023 жылы таза операциялық ақша ағыны 4 418 740 мың теңге құрады.

Күрделі салымдар бойынша төлемдер (-1 839 367) мың теңге құрады.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қарыздары бойынша негізгі борышты өтеу бойынша төлемдер (-2 756 684) мың теңге құрады.

Өзге ақша ағыны – (-866 326) мың теңге.


Ақшалай қаражат теңгеріміндегі өзге өзгерістер – (-61 035) мың теңге.

2023 жыл соңындағы ақшалай қаражат 2 532 976 мың теңге құрады.

ҚЫЗМЕТТІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ (GRI 201-1)


2023 жылы негізгі қызметтен түскен табыс 11 194 385 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылғы деректен 16% жоғары. Өсім кірістердің ұлғаюына байланысты: жүк ауыстырып тиеуден 9%, кеме кіргізу қызметінен 38%, сақтаудан 7% және басқа кірістерден 14% .

Негізгі қызметтен табыс, мың теңге




2023 жылы жүк ауыстырып тиеуден түскен табыс 6 497 431 мың теңге құрады, бұл жүк айналымы көлемін 9% - ға ұлғайту есебінен 2022 жылғы деректен 17% жоғары.

Жүк ауыстырып тиеуден түскен табыс, мың теңге




2023 жылға EBITDA¹ 4 268 216 мың теңге құрады, ол 2022 жылғыдан 12% жоғары.

EBITDA, мың теңге



2023 жылғы операциялық кіріс² 3 207 860 мың теңге құрады, ол 2022 жылғы дерекке 16% көп.

Операциялық кіріс, мың теңге




Жалғыз акционерге жататын таза табыс 2023 жылы 3 065 298 мың теңге құрады, бұл 2022 жылғы осы кезеңдегі 165% құрады.

Таза табыс/зиян, мың теңге

¹ EBITDA: «Жалпы пайда «минус». Әкімшілік шығындар «плюс» Тозу және амортизация».

² «Операциялық пайда»: «Жалпы пайда» минус» «Жалпы және әкімшілік шығындар (резервтерді ескере отырып) «минус» Сату шығындары «минус» Активтердің құнсыздануынан шығындар..



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ (GRI 201-4)

«АТСП «ҰК» АҚ 2023 жылы мемлекеттен қаржылық қолдау алған жоқ (кепілдіктерді қоса), сондай-ақ «АТСП «ҰК» АҚ өзіне қабылдаған мемлекет алдындағы міндеттемелері жоқ.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің міндеттері

«АТСП «ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару әлеуетті тәуекелді оқиғаларды уақтылы сәйкестендіруді және «АТСП «ҰК» АҚ қызметіне теріс әсер етуі және қойылған мақсаттарға қол жеткізуі мүмкін тәуекелдерді барынша азайту шараларын қабылдауды қамтамасыз етуге арналған тұрақты және үздіксіз процесс болып табылады. Мұндай оқиғалардың басталуы сөзсіз болған жағдайларда «АТСП «ҰК» АҚ теріс салдарды азайту үшін барлық қажетті шараларды жүзеге асырады. «АТСП «ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі (бұдан әрі – ТБІБҚ) тредвей комиссиясының демеушілік ұйымдарының комитеті әзірлеген тәуекелдерді басқарудың жалпы қабылданған тұжырымдамалық модельдері мен ұсынымдарына негізделген (COSO ERM «Ұйымның тәуекелдерін басқару: қызметтің стратегиясымен және тиімділігімен интеграция») жұмыс істейді.

«АТСП «ҰК» АҚ ТБІБҚ негізгі қағидаттары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатында айқындалған. «АТСП «ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы «АТСП «ҰК» АҚ төмендегі органдары мен бөлімшелерін: Директорлар кеңесін, аудит жөніндегі комитетті, Басқарма, тәуекелдер жөніндегі комитетті, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені тарта отырып, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқарумен ұсынылған.

«АТСП «ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесі бойынша жұмыс жүргізіліп, ол менеджментке тәуекелдерді жедел анықтауға және алдын алуға бағытталған шешімдер қабылдауға және «АТСП «ҰК» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Комитет компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру процесін үйлестіретін басқарма жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

Тәуекелдер жөніндегі комитет «АТСП «ҰК» АҚ Басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша басқарушылық есептілікті қарап, алдын ала мақұлдайды.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру шаралары

«АТСП «ҰК» АҚ ТБІБҚ Директорлар кеңесі, менеджмент және жұмысшылар «АТСП «ҰК» АҚ қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ осы оқиғаларды қолайлы тәуекел деңгейінде басқаруға қатысатын біртұтас процеске біріктірілген өзара

байланысты элементтер жиынтығы. «АТСП» ҰК» АҚ жыл сайын ТБІБҚ тиімділігін арттыру шаралары кешенін әзірлеп, іске асырады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін және ТБІБҚ ішкі бақылау жүйесін жетілдіру шеңберінде 2023 жылы төмендегідей шаралар өткізілді:

- әлеуетті тәуекелдерді ескере отырып, жоғарыда аталған басқару органдарының шешім қабылдауын қамтамасыз ету мақсатында «АТСП «ҰК» АҚ басқармасы мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді келісу (қажет болған жағдайда тәуекелдер бойынша қорытындылар бере отырып);

- 2023 жылғы тәуекелдер тізілімі мен картасын әзірлеу, ұсыну («АТСП «ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы хаттамасы);

- 2023 жылғы тәуекелдерге ден қою шаралары жоспарын әзірлеу, бекіту («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2 желтоқсандағы хаттамасы);

- 2023 жылғы арналған тәуекел-тәбетті бекіту («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2 желтоқсандағы хаттамасы);

- 2023 жылғы түйінді тәуекелдік көрсеткіштер мен түйінді тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін әзірлеп, бекіту («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2 желтоқсандағы хаттамасы);

- «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамын бекіту («АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 2 ақпандағы хаттамасы);

- «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатын бекіту («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 19 маусымдағы хаттамасы);

- «АТСП» ҰК» АҚ тәуекел-тәбетін, тәуекел-төзімділігін, өзекті тәуекел көрсеткіштерін айқындау қағидаларын бекіту («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 тамыздағы хаттамасы);

- тоқсан сайынғы негізде«АТСП» ҰК» АҚ Басқармасына, аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне тәуекелдерге ден қою, тәуекел-тәбет деңгейін, негізгі тәуекел көрсеткіштерін орындау шаралары жоспарының есептік кезеңде орындалуы жөніндегі мәліметтерді қамтитын тәуекелдер есептерін дайындау және ұсыну:

- 1) 2023 жылғы 1 тоқсандағы тәуекелдер бойынша есеп («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 19 маусымдағы шешімімен бекітілген);

- 2) 2023 жылғы 2 тоқсандағы тәуекелдер бойынша есеп («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген);

- 3) 2023 жылғы 3 тоқсандағы тәуекелдер бойынша есеп («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 22 қарашадағы шешімімен бекітілген);

- 4) 2023 жылғы 3 тоқсандағы тәуекелдер бойынша есеп («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 22 ақпандағы шешімімен бекітілген);

- 2023 жылға арналған «АТСП» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесі шеңберінде бизнес-процестерді саралау матрицасын және 2023 жылға арналған «АТСП» ҰК» АҚ тәуекелдер мен бақылау матрицаларын және блок-схемаларын әзірлеу және/немесе өзектендіру жұмыстарының күнтізбелік жоспар-кестесін дайындау және бекіту (2023 жылғы 06 ақпанда бекітілген);

- бизнес-процестер иелері ұсынған тәуекел және бақылау матрицалары мен блок-схемаларды тексеру, сондай-ақ бақылау рәсімдері дизайнының тиімділігін бағалау.

тәуекелдер мен бақылау матрицаларын бекіту (2023 жылғы 30 маусымда, 2023 жылғы 28 шілдеде және 2023 жылғы 29 қыркүйекте бекітілген), 2022 жылға арналған күнтізбелік жоспар-кестеге енгізілген процестер бойынша бекітілген тәуекелдер мен бақылау матрицаларын ішкі аудит қызметіне және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментіне тестілеу өткізуге жолдау;

- - 2024 жылға арналған «АТСП» ҰК» АҚ тәуекел және бақылау матрицалары шеңберінде ТБІБҚ ұсынымдарын орындау шараларының жоспарын бекіту («АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылғы 29 қарашадағы бұйрық);

Тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жұмысы 2024 жылы жалғастырылатын болады.

Маңызды тәуекелдер (GRI 2-16)

«АТСП» ҰК» АҚ жыл сайынғы негізде тәуекелдерді кешенді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша тәуекелдер тізілімі мен картасы жасалады. Компанияның негізгі тәуекелдері Ақтау теңіз порты қызметінің ерекшелігіне байланысты.

2023 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасын әзірлеу шаралары шеңберінде (оның ішінде тәуекелдерді іске асыру деректерін ескере отырып) «АТСП» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің қолданыстағы тәуекелдерін қайта қарау жұмысын жүргізді, нәтижесінде Тәуекел факторлары қайта қаралып, толықтырылды, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер деңгейінде тәуекелдерді басқару шаралары егжей-тегжейлі көрсетілді.

2023 жылғы тән тәуекелдер сомасы 3 960 000 мың теңге құрады, оның ішінде: тәуекелдерді азайту шараларын іске асырудан тиімділік 1 056 000 мың теңге құрады, осыған байланысты қалдық тәуекел 2 904 000 мың теңгі құрады.

2022 жылғы 2 желтоқсандағы «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасына 42 негізгі тәуекел енгізілген, оның ішінде:

тәуекел картасының қызыл аймағында - 2 тәуекел:

- 1) жүк айналымы тәуекелі (басқа жүктер);
- 2) келісім-шарттық тәуекел (DP World тарапынан шартты бұзу кезінде айыппұл санкцияларын қолдану);

тәуекел картасының қызғылт сары аймағында - 10 тәуекел:

- 1) жүк айналымы тәуекелі (астық ауыстырып тиеу (экспорт));
- 2) жүк айналымы тәуекелі (контейнерлік тасымал көлемі);
- 3) жүк айналымы тәуекелі (кеме кіргізу);
- 4) операциялық тәуекел (жүк техникасының шектен тыс тозуы);
- 5) операциялық тәуекел (сатып алу процесі);
- 6) инвестициялық тәуекел («АСТТ» ЖШС жарғылық капиталына салынған инвестицияларды қайтармау тәуекелі - келісім-шарттық тәуекелде болды;
- 7) IT & кибер тәуекел (ақпараттық жүйелердегі кідіріс);
- 8) дебиторлық берешектің қайтарылмауы (проблемалық дебиторлық берешектің қалыптасуы);
- 9) порт қызметінің қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттану);
- 10) климаттық тәуекел;

тәуекел картасының сары аймағында – 22 тәуекел:

тәуекел картасының жасыл аймағында – 5 тәуекел.

2023 жыл ішінде төмендегідей тәуекелдер жүзеге асырылды.

1) Жүк айналымы тәуекелі:

- астық ауыстырып тиеу көлемі: алынбаған табыс 534 734 теңге құрады;

- контейнерлер ауыстырып тиеу көлемі: алынбаған табыс 538 156 теңге құрады;

- басқа жүктерді ауыстырып тиеу: алынбаған табыс 1 534 327 теңге құрады.

Жүк айналымы тәуекелін азайту үшін жүктердің басқа түрлерімен алмастыру және қосымша жүк ағынын тарту бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. Жүк жөнелтушімен Әзірбайжан бағытында және одан әрі Еуропа елдеріне биг-бегтегі «ҚазАзот» АҚ аммиак селитрасы (аммоний нитраты) өнімдерін тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері пысықталды. Жылдық көлемі 24 мың тонна. 2024 жылға жоспарланған көлемі - 50 000 тонна. Осы жүк жөнелтушіні тарту шеңберінде «АТСП» ҰК» АҚ тарапынан Ақтау теңіз портының қызметтеріне, атап айтқанда, жүкті вагоннан контейнерге және контейнерлерден қайта тиеуге 20% мөлшерінде жеңілдіктер берілді (тарифтік комиссияның 2023 жылғы 25 тамыздағы хаттамасы).

2. Металды экспорттық жеткізу көлемін ұлғайту мақсатында металдың, атап айтқанда түсті металл жүгін жөнелтушілерімен ауызша келіссөздер жүргізілді.

3. Жүк тасымалының ағымдағы көлемін сақтау үшін (Әзірбайжанға) мұнай коксы (Павлодар, Атырау өндірісі) жүк жөнелтушілерімен ауызша келіссөздер жүргізілді.

4. 2023 жылғы 4-6 қазан аралығында Астана қаласында «Транс Логистика Қазақстан» көрмесіне қатысты, оның шеңберінде «New Silk Way» бизнес-форумына және Каспий теңізінде порттарды, терминалдарды және кеме қатынасын дамыту» конференциясына қатысты. Осы іс-шаралар шеңберінде:

- «Alliance Logistics» көлік компаниясының өкілдері ТХКМ бағыты бойынша контейнерлік тасымалдарды жүзеге асыруға қызығушылық білдірді;

– «Трансконтейнер» ЖАҚ компаниясының өкілдерімен Ақтау теңіз порты арқылы Қытай-Еуропа бағытындағы контейнерлік жүктерді ауыстырып тиеу мәселесі бойынша келіссөздер жүргізілді;

- Маерск өкілдерімен кездесу өткізіліп, оның барысында Маерск компаниясы порт аумағын контейнерлер сақтау үшін пайдалану бойынша Ақтау теңіз портымен ынтымақтастыққа мүдделілік туралы хабарлады. Кездесу соңында «АТСП» ҰК» АҚ астық ауыстырып тиеуді жүзеге асыратын экспедиторлық компаниялардың тізімі жіберілді (контейнерлердегі жасымық Қазақстаннан Еуропаға). Кейін Маерск компаниясы мен «АТСП» ҰК» АҚ арасында Ақтау теңіз порты аумағында бос контейнерлерді жинау қызметіне шарт жасасу мәселесі бойынша талқылау жүргізілді;

- «ЕТО Логистика» компаниясы Ресейден Ақтау теңіз портына дейін дәнді дақылдар жеткізудің логистикалық схемасы және Иран, Ауғанстанға ауыстырып тиеудің түрлі нұсқасының мүмкіндігі туралы сұрақтармен жүгінді.

5. 2023 жылғы қарашада ТХКМ жұмыс тобына қатысты, оның нәтижелері бойынша ЕО мүшелері Қытай транзитін тарту мақсатында Батыс–Шығыс бағытындағы тарифтік мөлшерлемені төмендетуге келісті:

- Қазақстан, Қытай және Орталық Азия елдері бағытында Ахалкалаки станциясы арқылы Түркиядан 20 футтық контейнерлерде жүк тасымалда 33%;

- Қазақстан мен Қытай бағытындағы Батуми/Поти порттары арқылы 20 футтық және 40 футтық контейнерлерде жүк тасымалдауға 50%-ға.

Қалған бағыттар бойынша Тараптар тарифтік мөлшерлемені 2023 жылғы деңгейде, атап айтқанда, тиелген контейнерлер бойынша 20 футтық контейнер үшін 90 АҚШ доллары және 40 футтық контейнер үшін 120 АҚШ доллары көлемінде келісті.

2023 жылғы желтоқсанда ТХКМ бағыты бойынша Қытай транзитін тасымалдау қайта басталды. Сиань (Қытай) - Апшерон (Әзірбайжан) бағыты бойынша 96 ЖФЭ контейнер тасымалданды. 2024 жылғы қаңтарда Әзірбайжан бағытында 7 пойыз өңделді.

6. Шығыс-Батыс бағыты бойынша жүк тасымалын дамыту мақсатында «АТСП» ҰК» АҚ «ТХКМ» ХҚ» ЗТБ хат жолдады (2023 жылғы 18 қазандағы), Қытай–Қазақстан-Әзірбайжан/Грузия/Түркия - Еуропа бағыты бойынша 2024 жылға арналған контейнерлерде, оның ішінде томат пастасы бар жүктерді ауыстырып тиеуге ақы мақсатында «АТСП» ҰК» АҚ дайындығы туралы:

- 60 АҚШ доллары 20 футтық контейнер үшін (ҚҚС-сыз) (тарифті 33,4% төмендету);

- 80 АҚШ доллары 40 футтық контейнер үшін (ҚҚС-сыз) (тарифті 33,4% төмендету).

Алайда, осы ұсынысты ТХКМ жұмыс тобының отырысында талқылау барысында «АТСП» ҰК» АҚ бұл бастамасын ЖТ мүшелері қолдамады.

7. 2023 жылғы 15-17 қазан аралығында Ыстамбұл қаласында (Түркия) «Logitrans 2023» көліктік-логистикалық көрмесіне қатысты, оның шеңберінде Ақтау теңіз порты арқылы жүкт тасымалдауға мүдделі әлеуетті жүк жөнелтушілермен келіссөздер жүргізілді.

2) дебиторлық берешекті қайтармау (проблемалық дебиторлық берешекті қалыптастыру)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша проблемалық дебиторлық берешек 500 278 мың теңге құрады.:

- Сауда дебиторлық берешегі (Ақтау теңіз портының көрсетілген қызметтері үшін шарт бойынша төлем шарттарын бұзғаны үшін) - 164 515 мың теңге;

- қызметкерлердің берешегі (тұрғын үй несиесі, жалақы бойынша берешек) – 3 892 мың теңге; -

"Каспий техникалық флоты" ЖШС берген аванс ("Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту" жобасы шеңберінде түбін тереңдету жұмыстары. Акватория. Кіреберіс арналар. Тереңдету. 1-кезек») кейін шарт талаптарын орындамау себебінен бұзылды – 209 249 мың теңге.

2023 жылғы 1 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ атына «Каспий техникалық флоты» ЖШС-нің үмітсіз дебиторлық берешегін есептен шығару туралы ұсынысты қарау туралы хат жолданды.

2023 жылғы 22 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік қауіпсіздік қызметіне «ҚТЖ» ҰК» АҚ дебиторлық берешегі және өндіріп алу бойынша қабылданған шаралар бойынша қосымша ақпарат беру туралы «АТСП» ҰК» АҚ тапсырмасымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ дебиторлық және кредиторлық берешекпен жұмыс жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы алынды; - өзге де дебиторлық берешек (мемлекеттік баж, өсімпұл, шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар) – 122 620 мың теңге.

Заң бөлімінің дебиторлық берешекті қайтармау тәуекелін азайту шаралары:

- құрылымдық бөлімшелерге Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын түсіндіруді жүргізу;
- шаруашылық жүргізуші субъектілермен, мемлекеттік органдармен хат алмасуды жүзеге асыру;
- талап-арыз жұмысын жүргізу.

Коммерциялық жұмыс бөлімнің дебиторлық берешекті қайтармау тәуекелін азайту шаралары:

- бар дебиторлық берешекті өтеу туралы клиенттердің атына шағым хаттарын жолдау;
- ағымдағы дебиторлық берешегі бар клиенттер үшін Ақтау теңіз порты айлақтарына кемелер қоюға тыйым салу.

3) құқықтық тәуекел (сыртқы нормативтік-құқықтық актілерді бұзу):

2023 жылғы сәуірде жергілікті тұрғындар Баутино шығанағы суының мұнай өнімдерімен ластануын анықтап, барлық бақылаушы органдарға шағым жолдады. Қорытындысы бойынша Баутино жүк ауданындағы экология департаменті тексеру тағайындады. Маңғыстау облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік инспекторлары қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға 2 сағат ішінде апаттық жағдай туралы уақтылы хабарламағаны үшін 345 мың теңге көлемінде айыппұл салып, 2 хаттама және акваторияны мұнай өнімдерінен жинау және тазарту жөнінде шаралар қолданбағаны үшін 483 мың теңге көлемінде айыппұл салып ресімдеді.

Шаралар:

«АТСП» ҰК» АҚ сотқа шағым жіберді, өйткені «АТСП» ҰК» АҚ акваторияның ластануына кінәлі емес. Сот талқылауы қорытындысы бойынша бірінші хаттама мен апаттық жағдай туралы уақтылы хабарламағаны үшін 345 мың теңге мөлшерінде айыппұл 2 сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда тоқтатылып, екінші хаттама мен 483 мың теңге мөлшерінде айыппұл өзгеріссіз қалдырылды.

Баутино жүк ауданының (бұдан әрі – БЖА) қызметкерлеріне: БЖА ЖТТК бастығына, БЖА диспетчеріне сөгіс жарияланды (2023 жылғы 26 сәуірдегі бұйрық).

Мұнай апаттық төгілген кезде хабарлау схемасы БЖА қатысы бар адамдардың назарына қайта жеткізілді.

Мұнайдың апаттық төгілуін жою бойынша оқу-жаттығу дағдыларын тәжірибелік пысықтау кезінде БЖА жауапты тұлғалары міндетті түрде қатысты. БЖА ластану кезінде акваторияны жедел тазарту үшін қажетті мөлшерде сорбенттермен жарақтандыру қамтамасыз етілген.

4) Операциялық тәуекел (техниканың зақымдану тәуекелі):

2023 жылы техниканың зақымдануына байланысты 6 тәуекел жағдайы болды. Бұл оқиғалар «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінің денсаулығына және бөгде тұлғаларға зиян келтірмеді.

Шаралар:

- ішкі тергеу жүргізілді;
- ішкі тергеу нәтижелері бойынша оқиғаның себептерін жою шаралары әзірленді;
- тәртіптік жаза қолданылды;
- кәсіпорынға келтірілген материалдық залал қалпына келтірілді.

5) Келісім-шарттық тәуекел:

2023 жылы келесі келісім-шарттық тәуекелдер жүзеге асырылды:

- жеткізушілер тарапынан шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамау не орындаудан бас тарту, саны 76 жағдай;
- әлеуетті өнім берушілердің шарт жасасудан жалтаруы, 2 жағдай.

Бұл тәуекелдердің себебі тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағасының айтарлықтай ауытқуы болды.

Келісім-шарттық тәуекелдерді барынша азайту үшін Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен қорға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің талаптарын әлеуетті өнім берушіге хабардар ету және түсіндіру, сондай-ақ өнім берушілерді Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесіне қосу үшін мәліметтерді уәкілетті органға жіберу шаралары жүргізілді.

6) Операциялық тәуекел: жүктің сақталмауы (жүктің жоғалуы, зақымдануы және жоғалуы):

2023 жылы аталған операциялық тәуекел жүктің зақымдануы 1 жағдай болды.

2023 жылғы мамырда №5 қойма алаңы аумағында ричстакерді басқару кезінде ЖТТК докер-механизаторы Ақтау теңіз портына жүк алушының (бұдан әрі - клиент) атына келген «Toyota RAV 4» маркалы автокөлік құралына соқтығысуға жол беріп, ол қоршаусыз контейнерлерді жинау жұмыстары жүргізілетін жерде болды. Соқтығысу нәтижесінде автокөлік оң жағынан зақымдалды. Құрбандар мен зардап шеккендер болмаған. Клиент өйткені «АТСП» ҰК» АҚ атына 1 365 мың теңге көлемінде залалды өтеу туралы талап жіберді.

Іс-шаралар:

- инцидентке ішкі тергеу жүргізілді;
- ішкі тергеу нәтижелері бойынша оқиға себептерін жою шаралары әзірленді;
- ЖТТК докер-механизаторына қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылды;
- ричстакерлерді басқару кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ЖТТК докер-механизаторларының біліміне қайта тексеру жүргізілді;
- сақтандыру компаниясына сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш жіберілді.

Ұсынылған материалдар мен қалпына келтіру, жөндеудің нарықтық құнын бағалау туралы тәуелсіз сарапшының есебі негізінде сақтандыру компаниясы Клиентке келтірілген залалды өтеу есебіне 1 114 мың теңге көлемінде сақтандыру төлемін (франшизаны шегергенде 200 мың теңге) аударды;

- «АТСП» ҰК» АҚ бұйрығы негізінде бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру департаменті докер-механизатордан 200 мың теңге көлемінде ақша қаражат алып, оны клиентке қалпына келтіру, жөндеудің нарықтық құны мен шартсыз франшиза арасындағы айырмашылықты өтеуге жіберді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ (GRI 2-9)

Жалғыз акционер

Жоғары басқару органы – «АТСП» ҰК» АҚ жалғыз акционері - Қор. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасы заңнамасында және «АТСП» ҰК» АҚ Жарғысында көзделген

құқықтары, оның ішінде «АТСП» ҰК» АҚ ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша «АТСП» ҰК» АҚ өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

«АТСП» ҰК» АҚ Жарғысының 10-бабының 68-тармағына сәйкес компанияда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикас заңнамасымен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдап, жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

Қор мен Қор арасында жасалған сенімгерлік басқару шартына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен сенімгерлік басқарушы «АТСП» ҰК» АҚ қатысты Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға құқылы.

Директорлар кеңесі

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін стратегиялық басшылықты жүзеге асыратын жалғыз акционерге есеп беретін «АТСП» ҰК» АҚ басқару органы.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер жұмысының мақсаты Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесінің негізделген және салмақты шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру болып табылады. Директорлар кеңесі жанынан екі комитет жоспарлау, тағайындау, сыйақы және өзге де мәселелер бойынша; аудит бойынша жұмыс істейді.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы «АТСП» ҰК» АҚ органдары мен лауазымды адамдарының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін іске асыруға кепілдік беретін корпоративтік басқару ережелері мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз етеді.

Комплаенс-бақылаушы

Комплаенс-бақылаушының мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу тетіктерін енгізу болып табылады.


Басқарма

«АТСП «ҰК» АҚ атқарушы органы Директорлар кеңесіне есеп береді, «АТСП «ҰК» АҚ күнделікті қызметіне басшылық етіп, оның стратегияға, даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және жарғымен жатқызылмаған «АТСП «ҰК» АҚ қызметінің барлық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

Басқарма комитеттері

Басқарма комитеттері Басқарма құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. «АТСП «ҰК» АҚ Басқармасы жанынан тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді.

Басқару органдарының өзара іс-қимылы



Директорлар кеңесі мен Басқарма ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасап, «АТСП «ҰК» АҚ мүддесі үшін әрекет етіп, тұрақты даму қағидаттары негізінде шешімдер қабылдайды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ (GRI 2-11)

Директорлар кеңесі «АТСП «ҰК» АҚ қызметіне жалпы басшылық етеді. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасы заңнамасында және «АТСП «ҰК» АҚ жарғысында айқындалған тәртіппен қабылданады. Директорлар кеңесі «АТСП «ҰК» АҚ қауіпсіз, табысты және тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ ұзақ мерзімді акционерлік құнды құруда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесі қызметтің болашақ жоспарлары мен негізгі бағдарламаларын бекітіп, тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырудың жалпы қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды.

«АТСП «ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметі компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік қағидаттарын негізге ала отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстарды өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарай алады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің өкілі болып табылады. Директорлар кеңесінің мүшелерінде «АТСП «ҰК» АҚ акциялары/ үлестес компаниялардың жарғылық капиталына қатысу үлестері жоқ, сондай-ақ «АТСП «ҰК» АҚ жеткізушілері мен бәсекелестерінің жарғылық капиталындағы акциялары/ қатысу үлестері болмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері (GRI 2-10)

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 36-бабы 1-тармағының 5-тармақшасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскери беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды.

Директорлар кеңесінің сандық құрамын «АТСП» ҰК» АҚ Жарғысының 10-бабы 69-тармағының 10-тармақшасына сәйкес Жалғыз акционер айқындайды.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі де Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді, бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келіп, Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешімі қабылданған кезде аяқталады.

«АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланып, кейін қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі-үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып жүргізілу керек.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іздеу және сайлау процесі төмендегідей:

1) Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Егер Директорлар Кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер өкілдері арасынан сайлаған жағдайда, «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар арасынан аға тәуелсіз директорды сайлайды;

2) Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар іздеу және іріктеу процесін Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің төрағасымен және «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жоспарлау, тағайындау, сыйақы және өзге де мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады.

Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қатысуына жол берілмейді.

Сондай-ақ адамдардың өзін тағайындауына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатысуына жол берілмейді.

Директорлардың тәуелсіздік критерийлері (GRI 2-10)

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарауды және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, тұлғалық сипаттамалары және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті тәуелсіз директорлар кіруге тиіс. «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 1-бабының 20-тармақшасына сәйкес «тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, ол:

- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы емес және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайдан басқа);
- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға емес;
- осы акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес;
- мемлекеттік қызметші емес;
- осы акционерлік қоғамның аудитору емес және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болған емес;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғам аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

Директорлар кеңесінің құрамы

2023 жылы «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамында төмендегідей өзгерістер болды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі төмендегідей құрамда көрсетілген:

Т. А. Ә.	Лауазымы	сайланған күні	Өкілеттігі өтетін күн
Е.Х.Қойшибаев	Директорлар кеңесінің төрағасы, жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі	2022 жылғы 22 сәуір	2025 жылғы 30 сәуір
Смолина А.А.	Директорлар кеңесінің мүшесі, жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі	2022 жылғы 22 сәуір	2025 жылғы 30 сәуір
Арқалық Д.Р.	Директорлар кеңесінің мүшесі, жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі	2021 жылғы 2 маусым	2025 жылғы 30 сәуір
Түрікпенбаев А.Н.	Директорлар кеңесінің	2021 жылғы 10 ақпан	2025 жылғы 30 сәуір


	мүшесі, «АТСП «ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті)		
Фартух О.Ю.	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	2019 жылғы 20 қыркүйек	2025 жылғы 30 сәуір
Завгородняя Е.В.	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	2021 жылғы 10 ақпан	2025 жылғы 30 сәуір а

Директорлар кеңесінің құрамында екі «йел адам бар – Смолина А.А. мен Завгородняя Е.В.

Тәуелсіз директорлар тарту

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны - 6 (алты), бұл ретте 6 (алты) Директорлар кеңесінің 2 (екі) мүшесі тәуелсіз болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Директорлар кеңесі төмендегідей:



Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде жалғыз акционер және «АТСП» ҰК» АҚ Жалғыз акционердің корпоративтік басқару кодексінің және «АТСП» ҰК» АҚ Жарғысының, сондай-ақ тәуелсіз директорлар лауазымына конкурстық негізде кандидаттарды іздеу және іріктеу рәсімін айқындайтын жалғыз акционердің ұлттық заңнамасы мен жергілікті актілерінің талаптарын басшылыққа алады.

«АТСП» ҰК» АҚ Жарғысының ережелеріне сәйкес Тәуелсіз директорларды тағайындау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Жалғыз акционердің корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, директорлар тәуелсіздігінің жоғарыда аталған критерийлерін ескере отырып, Директорлар кеңесі директорлардың тәуелсіздік дерегін анықтап, және тәуелсіз директорлар Е. В. Завгородняя мен О. Ю. Фартух қабылдаған шешімдерге айтарлықтай әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін ешқандай қатынастар немесе жағдайлар жоқ деп санайды.

Бұдан басқа, Жалғыз акционердің корпоративтік басқару кодексінің нормаларына сәйкес есептік кезеңде «АТСП» ҰК» АҚ Аға тәуелсіз директоры – Е. В. Завгородняя сайланды.



ҚОЙШИБАЕВ ЕРЛАН ХАМАРДИНҰЛЫ

**«АТСП» «ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы,
«ҚТЖ «ҰК»АҚ логистика жөніндегі басқарушы директоры**
2021 жылдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған жылы: 1985

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: American University in Dubai, Қазақ гуманитарлық-заң университеті, Қазақ көлік және коммуникация академиясы, РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы

Еңбек қызметі:

2007-2010 жылдар – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің көмекшісі;

2010-2011 жылдар – «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС инвестициялық жобалар департаментінің директоры;

2011-2013 жылдар – «Көлік логистикасын дамытудың ұлттық орталығы» АҚ вице-президенті;

2013 жыл – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Көлік логистикасын дамыту орталығы директорының орынбасары;

2013-2015 жылдар – «Көлік қызметтері орталығы» АҚ президенті;


2015-2018 жылдар – «KTZ EXPRESS» АҚ Бас директорының логистика жөніндегі орынбасары;

2018-2019 жылдар – «Қазақстан Индустрияны дамыту институты» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;

2019-2021 жылдар - Қостанай облысы әкімінің индустрияландыру, экспорттық әлеует және инвестициялар мәселелері жөніндегі орынбасары;

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары, логистика жөніндегі Басқарушы директоры.

«АТСП» ҰК» АҚ акциялары, «АТСП» ҰК» АҚ жеткізушілері мен бәсекелестері жоқ.



СМОЛИНА АЛЕКСАНДРА АЛЕКСАНДРОВНА

**«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаменті
директорының орынбасары**

2022 жылдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына
кіреді

Туған жылы: 1986

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ гуманитарлық-заң университеті, И. М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, Қазақстан-британ техникалық университеті

Еңбек қызметі:

2008-2011 жылдар – «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті жеке мекемесі, Халықаралық келісім-шарттар департаменті - тағылымдамашы, 3 санатты заңгер, 2 санатты заңгер;

2011-2012 жылдар – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Халықаралық келісім-шарттар департаментінің заңгері;

2012-2013 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Халықаралық келісім-шарттар департаментінің аға заңгері;

2012-2016 жылдар – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Халықаралық келісім-шарттар департаментінің жетекші заңгері;

2016-2017 жылдар – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Халықаралық келісім-шарттар департаменті директорының орынбасары;

2017 жыл – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Халықаралық келісім-шарттар департаментінің директоры;

2017-2019 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Ірі мұнай-газ жобаларын құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры;

2019-2020 жылдар – «Жолаушылар тасымалы» АҚ, атқарушы директор – Заң департаментінің директоры, Басқарма мүшесі;

2020-2022 жылдар – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Халықаралық келісім-шарттар департаментінің директоры;

2022 жыл – қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Құқықтық қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары. Заң қызметінің басшысы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры (бұрын - Құқықтық қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары).

«АТСП» ҰК» АҚ акциялары, «АТСП» ҰК» АҚ жеткізушілері мен бәсекелестері жоқ.



АРҚАЛЫҚ ДАНИЯР РАСУЛҰЛЫ

**«АТСП «ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қарыз алу және инвесторлармен жұмыс
департаментінің директоры**

2021 жылдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына

Комитет мүшелігі:

1) Директорлар кеңесінің жоспарлау, тағайындау, сыйақылар және өзге де мәселелер жөніндегі комитеті

Туған жылы: 1982

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақстан экономика және болжау менеджменті институты (КИМЭП), ҚБТУ Бизнес мектебі, КИМЭП Бизнес мектебі, «Эрнст және Янг» мектебі

Еңбек қызметі:

2004-2006 жылдар – «Тасқан» ЖШС директорының орынбасары;

2006-2007 жылдар – «ЭкспертАльянс» ЖШС директоры;

2006-2008 жылдар – «РесурсГлобалЭксперт» ЖШС директоры;

2008-2010 жылдар - «ҚазТрансГаз» АҚ Бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің менеджері;

2010-2011 жылдар – «ҚазТрансГаз» АҚ Басқарушылық есептілік қызметінің басшысы;

2011-2014 жылдар – «ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік қаржыландыру және қазынашылық департаментінің бас менеджері;

2014-2018 жылдар – «ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік қаржыландыру және қазынашылық департаменті директорының орынбасары;

2018 жыл – «Интергаз Орталық Азия» АҚ Қазынашылық департаментінің директоры;

2018 жыл – «ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік қаржыландыру және қазынашылық департаменті директорының орынбасары;

2018-2020 жылдары – «ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік қаржыландыру және қазынашылық департаментінің директоры;

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қарыз алу және инвесторлармен жұмыс департаментінің директоры.

«АТСП» ҰК» АҚ акциялары, «АТСП» ҰК» АҚ жеткізушілері мен бәсекелестері жоқ.



ТУРИКПЕНБАЕВ АБАЙ НОГАЕВИЧ

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,

«АМТП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті)

2021 жылдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған жылы: 1964

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: С.М. Киров атындағы Қазан химия-технологиялық институты, Еуразиялық нарық институты

Еңбек қызметі:

1986-1989 жылдар – «Навоiazот» ӨБ (Навои, Өзбекстан) – аммиак өндірісінің химиялық жабдықтарын жөндеу шебері, аға шебер;

1989-1993 жылдар - «ПГМК» азот–түк зауыты (Ақтау, Қазақстан)-аммиак-1 цехының 6-разрядты слесарі, жабдықтар жөндеу шебері, бөлімше механигі;

1993-1995 жылдар – «Қасқор» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – маркетинг және шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты ұйымдастыру бөлімінің 2-санатты инженері, менеджер, бастық;

1995-2000 жылдар – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – мұнай өнімдерін өткізу басқармасы бастығының орынбасары;

2000-2002 жылдар – «Павлодар мұнай–химия зауыты» АҚ (Павлодар, Қазақстан) - Коммерциялық директор;

2002-2003 жылдары – «Өзенмұнайгаз» АҚ (Жаңаөзен, Қазақстан) - Бақылау-талдау департаментінің директоры;

2003-2004 жылдар – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – салынып жатқан объектілер дирекциясы директорының міндетін атқарушы., директордың орынбасары;

2004-2008 жылдары – «ТеңізСервис» ЖШС (Ақтау, Қазақстан) – Бас директордың орынбасары;

2008-2012 жылдары – «Батуми индастриал Холдинг Лтд» директоры (Батуми, Грузия);

2013 жыл – «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ – Талдау және болжау департаментінің директоры;

2014-2015 жылдары – «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ-порт құрылыстары және күрделі құрылыс бөлімінің бастығы;

2015-2016 жылдар – «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты «ҰК» АҚ-техникалық мәселелер жөніндегі вице-президенті;

2016-2017 жылдар – «Құрық порты» ЖШС бас директоры;

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті).

«АТСП» ҰК» АҚ акциялары, «АТСП» ҰК» АҚ жеткізушілері мен бәсекелестері жоқ.



ЗАВГОРОДНЯЯ ЕЛЕНА ВЯЧЕСЛАВОВНА

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

2021 жылдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Комитетке мүшелік:

- 1) Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (Комитет төрағасы)
- 2) Директорлар кеңесінің жоспарлау, тағайындау, сыйақылар және өзге де мәселелер жөніндегі комитеті (Комитет мүшесі)

Туған жылы: 1969

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Еңбек қызметі:

Әр жылдары «Қарағанды Пауэр» ЖШС, «Қарағанды Дистрибьюшин» ЖШС, «Экскорт «Күзет агенттігі» ЖШС, «Ибраев және К», «Аверс» ЖШС, «Экспресс-Люкс» ЖШС, «Қарағандарезино-техника» АҚ компанияларында бухгалтерлік есеп және есептілік саласында лауазымдарды атқарды.

2003 жылдан бастап «GlobalBillingSystems» ЖШС-де, одан кейін «Галамдыктехнология» ЖШС-де қаржы директоры болып жұмыс істеді.

2006-2019 жылдары «Цесна» Корпорациясы» АҚ жүйесінде жұмыс істеді, онда жауапты лауазымдарды атқарды: қаржы-экономикалық департамент директоры, Басқарушы директор, атқарушы директор, «Цесна» Корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

2009-2015 жылдары «Ақ сұңқар» әуе компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кірді.

2015 жылдан 2016 жылға дейін Директорлар кеңесінің мүшесі – «ҚазАгроӨнім» АҚ тәуелсіз директор болды.

2016 жылдан 2018 жылға дейін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінде тәуелсіз директор ретінде қызмет етті.

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазтеміртранс» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып табылады.

2020 жылдан 2021 жылға дейін «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде кірді.

2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

«АТСП» ҰК» АҚ акциялары, «АТСП» ҰК» АҚ жеткізушілері мен бәсекелестері жоқ.



ФАРТУХ ОЛЕГ ЮРЬЕВИЧ

«АТСП» ҰК » АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

2016 жылдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына кіреді

Комитетке мүшелік:

1) Директорлар кеңесінің жоспарлау, тағайындау, сыйақылар және өзге де мәселелер жөніндегі комитеті (Комитет төрағасы)

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (Комитет мүшесі)

Туған жылы: 1965

Азаматтығы: Ресей Федерациясы

Білімі: Ленинград мемлекеттік университеті

Еңбек қызметі: 2007 жылғы желтоқсаннан 2017 жылғы қыркүйекке дейін «Атлас «Логистикалық компаниясы»компаниялар тобының басқарушысы болды.

2017 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Джет Вэй» ЖШҚ басқарушысы (Санкт-Петербург қ.).

«АТСП» ҰК» АҚ акциялары, «АТСП» ҰК» АҚ жеткізушілері мен бәсекелестері жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП (GRI 2-23)

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметі туралы есепті дайындау жыл сайын «АТСП» ҰК» АҚ Жарғысының 11-бабы 73-тармағының 19-1) тармақшасына және корпоративтік басқару кодексінің 2-бөлімі 5-тарауының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындыларын жариялау мақсатында жүзеге асырылады.

Есептің мазмұны мен құрылымы мүдделі пайдаланушыларды Директорлар кеңесінің бір жылдағы қызметі туралы барынша сенімді, толық және ашық ақпаратпен қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылады.

2023 жылы Директорлар кеңесінің отырыстары «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 ақпандағы шешімімен бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырыстары өткізілді.

2023 жылы Директорлар кеңесі 9 отырыс өткізді (ашық түрде – 8 отырыс, сырттай дауыс беру түрде – 1 отырыс), онда «АТСП» ҰК» АҚ қызметінің түрлі бағыттары бойынша 74 мәселе қаралды. Ең маңызды мәселелер күндізгі бөлімде өткізілген отырыстарда қаралды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 36-бабы 1-тармағының 5-тармақшасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды.

Директорлар кеңесінің сандық құрамын «АТСП» ҰК» АҚ Жарғысының 10-бабы 69-тармағының 10-тармақшасына сәйкес Жалғыз акционер айқындайды.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі де Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді, бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді және Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешімі қабылданған сәтте аяқталады.

«АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейін қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына Қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралу керек.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып жүргізілу керек..

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іздеу және сайлау процесі төмендегідей:

1) Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Егер

Директорлар Кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер өкілдері арасынан сайлаған жағдайда, «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар Кеңесі тәуелсіз директорлар арасынан Аға тәуелсіз директор сайлайды;

2) Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу процесін Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің төрағасымен және «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жоспарлау, тағайындау, сыйақылар және өзге де мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады.

Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қатысуына жол берілмейді.

Сондай-ақ адамдардың өзін тағайындауға, сайлануға және қайта сайлануға байланысты шешімдер қабылдауға қатысуына жол берілмейді.

Директорлардың тәуелсіздік критерийлері

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарауды және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталу керек.

Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, тұлғалық сипаттамалары және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде тәуелсіз директорлар кіру керек. «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар Кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 1-бабының 20-тармақшасына сәйкес «тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, ол:

- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайдан басқа) болмайды;
- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға емес;
- осы акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанша үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес;
- мемлекеттік қызметші емес;
- осы акционерлік қоғамның аудитору болып тамайды және ол директорлар Кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болған емес;
- аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған болу керек.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесін басқаруға және оның жауапкершілік саласының барлық аспектілері бойынша тиімді қызметіне жауап береді, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ жалғыз акционерімен, атқарушы органымен нәтижелі диалогты қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік хатшымен бірлесіп, директорлардың дұрыс

және сапалы ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіппен отырыстың күн тәртібін дайындайды, оны Директорлар кеңесі бекітеді.

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің қызметіне қаржылық және операциялық мәселелерде өздерінің мол тәжірибесін әкеледі. Түрлі саладағы мамандар бола отырып, директорлар компанияның қызметін сырттай бағалауға көмектеседі және Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде объективтілікті қамтамасыз етеді. Олар басшылықтың жұмысын сындарлы түрде бағалап, компанияның даму стратегиясын әзірлеуге, бекітуге және қайта қарауға көмектеседі.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері мен барлық деңгейдегі басшылық арасындағы еркін және ашық байланыс көтермеленеді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне қажетті ақпаратқа толық қолжетімділік беріледі. «АТСП» ҰК» АҚ стратегиялық бастамаларын бақылауды жүзеге асыру және уақтылы түзету шараларын қабылдау мақсатында комитеттердің әрбір отырысында Директорлар кеңесінің мүшелері «АТСП» ҰК» АҚ басшылық ететін басшыларынан есептер мен егжей-тегжейлі тұсаукесер материалдарын алады. Әрі қарай отырыстарда әрбір комитеттің төрағасы Директорлар кеңесіне комитет отырыстарында қаралған мәселелер туралы баяндайды. Директорлар кеңесі «АТСП» ҰК» АҚ ұзақ мерзімді стратегиясымен салыстыра отырып, оның нақты көрсеткіштерін үнемі талдайды.

Төменде Директорлар кеңесі мүшелерінің есептік кезеңдегі Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы туралы мәліметтер келтірілген.

Директорлар кеңесінің мүшесі	Сайланған күні	Есепті кезең	Отырыстарға қатысу
<i>Қойшыбаев Е. Х., Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі</i>	02.06.2021 ж. (ДК мүшесі ретінде), 22.04.2022 ж.	01.01.2022 ж.- 31.12.2022 ж.	9/9
<i>Смолина А. А., Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі</i>	22.04.2022 ж.	22.04.2022 ж.- 31.12.2022 ж.	6/9
<i>Арқалық Д.Р., Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі</i>	25.08.2021 ж., 22.04.2022 ж.	01.01.2022 ж.- 31.12.2022 ж.	8/9
<i>Түрікпенбаев А.Н., Директорлар кеңесінің мүшесі, «АМТП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті)</i>	10.02.2021 ж., 22.04.2022 ж.	01.01.2022 ж.- 31.12.2022 ж.	8/9
<i>Завгородняя Е.В., Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</i>	10.02.2021 ж., 22.04.2022 ж.	01.01.2022 ж.- 31.12.2022 ж.	9/9
<i>Фартух О.Ю., Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</i>	20.09.2019 ж., 22.04.2022 ж.	01.01.2022 ж.- 31.12.2022 ж.	9/9

Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелер

20232 жылы негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру шеңберінде Директорлар кеңесі:

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес «АТСП» ҰК» АҚ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітті;
- «АТСП» ҰК» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделері қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі саясатты бекітті;
- қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыру мақсатында компанияның Басқарма құрамына өзгерістер енгізді, Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін басшы қызметкерлер мен қызмет қызметкерлерінің қызметін іздеу, іріктеу және бағалау процестерін жетілдіру шараларын қабылдады;
- корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылғы жылдық есепті, «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылғы тұрақты даму саласындағы есепті бекітті;
- «АТСП» ҰК» АҚ қаржылық есептілік, бас директорды сайлау, «АСТТ» ЖШС аудиторлық компаниясы мәселелері бойынша «АСТТ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысына қатысу үшін «АСТТ» ЖШС қатысушысы ретіндегі ұстанымдарын айқындады;
- «АТСП» ҰК» АҚ жаңартылған даму жоспарын, "АМТП "ҰК" АҚ басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын бекітті;- регулярно (ежеквартально) рассматривал отчеты по рискам, по исполнению бюджета, по соблюдению принципов Кодекса корпоративного управления за 2022 год, по исполнению Комплексного плана по совершенствованию корпоративного управления за 2023 год, отчеты о работе комплаенс-контролера;
- «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы өзін-өзі бағалауы туралы есебін, «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын ішкі құжаттар тізбесін, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бағдарламасын, «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері үшін даму бағдарламасын бекітті;
- «АТСП» ҰК» АҚ Жарғысының ережелеріне сәйкес «АТСП» ҰК» АҚ салықтық есепке алу саясатына, тарифтік саясатқа, қазынашылық портфеліне өзгерістер мен толықтыруларды бекітті;
- «АТСП» ҰК» АҚ Кадр саясаты саласындағы «АТСП» ҰК» АҚ құжаттарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізді.



Директорлар кеңесі мүшелерінің компаниямен өзара іс-қимылы

2023 жылы «АТСП» ҰК» АҚ бюджетін және Директорлар кеңесі мүшелерінің уақытын үнемдеу мақсатында Директорлар кеңесінің отырыстары негізінен бейнеконференцбайланыс арқылы өткізілді.

Есептік кезеңде «АТСП» ҰК» АҚ ағымдағы проблемаларын зерделеу мақсатында (теңіз түбін

тереңдету жұмыстарын жүргізу, айлақтарды ұзарту) Директорлар кеңесінің мүшелері Ақтау теңіз порты аумағында Ақтау қаласында жеке өткізілген Директорлар кеңесінің көшпелі отырысына қатысып, «АТСП» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын жан-жақты іске асыру үшін стратегиялық сипаттағы да, шаруашылық сипаттағы да мәселелер талқыланды, өндірістік қуаттарды ұлғайту қажеттілігі талқыланды.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы негізде бағалану керек.

Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің «АТСП» ҰК» АҚ ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік беруі керек. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне және корпоративтік хатшыға бағалау жүргізу мақсатында корпоративтік хатшы есептік кезеңде статистикалық деректер дайындап сауалнама жүргізді.

«АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік хатшысының 2023 жылғы «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу жұмысының нәтижелері жүргізілген өзін-өзі бағалау туралы есеп түрінде 2023 жылғы 19 маусымдағы «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында қаралып, назарға алынды.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарлары

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бүкіл тобы бойынша корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және «ҚТЖ» ҰК» АҚ операциялық холдинг ретіндегі өзінің еншілес ұйымдарымен басқару және өзара іс-қимыл процестерін тиімді ұйымдастыру мақсатында «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі «АТСП» ҰК» АҚ 2023-2024 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі кешенді жоспарын бекітті (орындалуы жөніндегі есептер тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады), корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау бойынша жыл сайынғы есептілік жүргізіледі.

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі

Мәселелерді белсенді талқылау және егжей-тегжейлі талдау үшін алаң құру мақсатында Директорлар кеңесі жанынан 2 (екі) консультативтік-кеңесші орган жұмыс істейді («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 ақпандағы шешімі (№67 хаттама) негізінде құрылған):

– Жоспарлау, тағайындау, сыйақы және өзге де мәселелер жөніндегі комитет (бұдан әрі - ЖТСК);

– Аудит жөніндегі комитет (бұдан әрі - АК).

Осылайша, комитеттердің негізгі міндеті өз құзыретіне жататын мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесінің негізделген және салмақты шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар дайындау болып табылады.

Комитеттер комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады.

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі олар туралы тиісті ережелермен реттеледі.

ЖТСК бюджеттің атқарылуы, кадр саясаты, тағайындау, қызметті бағалау, сыйақы және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша есептілік саласындағы мәселелерді қарайды.

АК құзыретіне сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, корпоративтік басқару, сыртқы аудит, сондай-ақ комплаенс функциялары саласындағы мәселелер

ЖТСК құрамы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖТСК келесі құрамда ұсынылды:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні	Отырыстарға қатысу
Фартух О.Ю.	Комитет Төрағасы, <i>Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</i>	2021 жылғы 10 ақпан	9/9
Завгородняя Е.В.	Комитет мүшесі, <i>Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</i>	2021 жылғы 10 ақпан	9/9
Арқалық Д.Р.	Комитет Мүшесі, <i>Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі</i>	2021 жылғы 25 тамыз	7/9

ЖТСК рөлі

ЖТСК бюджеттің атқарылуы, кадр саясаты, тағайындаулар, бағалау және сыйақы, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ әлеуметтік мәселелері бойынша есептілік саласындағы мәселелер бойынша Директорлар кеңесі үшін хабардарлықты белгілеуге және ұсынымдар дайындауға жәрдемдеседі.

Комитеттің құзыреттері мен өкілеттіктері ЖТСК туралы ережеде келтірілген.

ЖТСК қызметінің 2023 жылғы нәтижелері

2023 жылы ЖТСК мынадай мәселелер бойынша қаралып, тиісті ұсынымдар берілді:

- «АТСП» ҰК» АҚ бюджетінің атқарылуы туралы есептер үнемі қаралып, сыни тұрғыдан талданды;
- «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне өз қызметінде есеп беретін басшы қызметкерлер мен қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу алдын ала мақұлданды;
- «АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік хатшысының мақсаттары бойынша қорытынды бағалау жүзеге асырылды, сондай-ақ 2023 жылғы жартыжылдыққа арналған мақсаттар мақұлданды;
- «Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС қатысты мәселелер мақұлданды;
- «АТСП» ҰК» АҚ 2024-2028 жылдарға арналған даму жоспарын және «АТСП» ҰК» АҚ 2024 жылға арналған бюджетін бекіту туралы мәселе алдын ала қаралды;
- 2023 жылға арналған «АТСП» ҰК» АҚ басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері карталарының жобалары қаралып, мұқият пысықталды;
- «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы өзін-өзі бағалау туралы есебі алдын ала мақұлданды және 2023 жыл қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшының қызметін өзін-

өзі бағалау процесі іске қосылды;

- «АТСП» ҰК» АҚ Стратегиялық кадр резервінің сабақтастық жоспары мақұлданды;

- «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасына қатысты мәселелер: Басқарманың сандық құрамын анықтау, Басқарма мүшесін сайлау, оның лауазымдық жалақысының мөлшерін және Басқарма мүшесіне еңбекақысы мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау, Басқарма төрағасының (Президенттің) және Басқарма мүшелерінің лауазымдарының сипаттамасы, Басқарма туралы ереже бірнеше рет қаралды.

АК құрамы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі құрамда ұсынылды:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні	Отырыстарға қатысу
Завгородняя Е.В.	Комитет төрағасы, <i>Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</i>	2021 жылғы 10 ақпан	9/9
Фартух О.Ю.	Комитет мүшесі, <i>Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</i>	2021 жылғы 10 ақпан	9/9

АК рөлң

АК «АТСП» ҰК» АҚ қаржылық есептілігінің толықтығын, дәлдігін және дұрыстығын қамтамасыз етуді, қаржылық және өзге де есептілікті ұсынуды бақылау; сыртқы аудит тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің сенімділігі мен жұмыс істеу тиімділігін бақылау; корпоративтік басқару жүйесінің дамуын қамтамасыз ету; тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша Директорлар кеңесі үшін хабардар болуға және ұсынымдар дайындауға жәрдемдесп, ішкі аудит функцияларын, комплаенс функциясын орындау тәжірибесін бақылайды.

Құзыреттер мен өкілетітіліктер АК туралы ережеде келтірілген.

АК 2023 жылғы қызмет нәтижелері

2022 жылы АК мәселелері бойынша тиісті ұсынымдар қаралып, берілді:

- «АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі шығарылғанға дейін алдын ала мақұлданды;

- «АТСП» ҰК» АҚ Есеп және салық саясатына өзгерістер мен толықтырулар егжей-тегжейлі зерттеліп, алдын ала мақұлданды;

- «АТСП» ҰК» АҚ комплаенс-бақылаушысының мәселелері (тоқсан сайынғы негізде есептер, жартыжылдыққа арналған мақсаттар, жұмыс жоспары, комплаенс-бақылаушыны сайлау, жартыжылдыққа арналған бағалау парағы) алдын ала қаралып, мақұлданды;

- «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылға арналған қаржылық-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу туралы мәселе қаралды;

- «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік хатшысының мәселелері («АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған кешенді жоспардың орындалуы жөніндегі есептер, жартыжылдыққа арналған мақсаттар, Директорлар кеңесінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары, «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің 2022 жылға арналған жұмысы туралы есеп) алдын ала қаралып, мақұлданды,

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (GRI 2-17, 2-23)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – ҚБК) бекітілді.

ҚБК мақсаты Қорда және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, қор мен ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

Қор мен ұйымдар ҚБК ережелерін сақтау керек, сәйкес келмеген жағдайда жылдық есепте ережелердің әрқайсысын сақтамау себептері туралы түсіндірмелер көрсету керек. Директорлар кеңесі жекелеген себептер бойынша ҚБК жекелеген ережелерін сақтаудың қолданылмайтындығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды жасай алады. Қордың және ҚБК ұйымдардың орындауын бақылау тиісінше Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңестеріне жүктеледі. Корпоративтік хатшылар Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңестері мен атқарушы органына ҚБК тиісінше сақтау мәселелері бойынша мониторинг жүргізіп, кеңес береді, сондай-ақ жыл сайын оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындайды. Кейін бұл есеп Директорлар кеңесінің тиісті комитеттерінің қарауына шығарылып, Директорлар кеңесі бекітіп, Қордың немесе ұйымның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

ҚБК ережелерін сақтамау жағдайлары Қорда және ұйымдарда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылдай отырып, тиісті комитеттер мен Директорлар кеңестерінің отырыстарында мұқият қаралу керек.

ҚБК ережесіне сәйкес Компанияның корпоративтік хатшысы оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп (бұдан әрі – Есеп) дайындады.


Есеп ҚБК қағидаттарын сақтамау не ішінара сақтау қағидаттарын нақтылау мақсатында жасалды, мысалы:

- I. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі.
- II. Акционерлердің құқықтары.
- III. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі;
- IV. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- V. Ашықтық.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 19 маусымдағы шешімімен «АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 2023 жылғы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп бекітілді.


ҚКУ тәжірибесінің сәйкестігін талдаудың негізгі нәтижелері

Тәжірибеде жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес «АТСП» ҰК» АҚ ҚБК ережелерінің 79,01% сақталады, ҚБК ережелерінің тағы 4,11% (243 ережеден 132) ішінара сақталады (себептерін түсіндіре отырып) және ережелердің (243 тен 1) 0,41% белгілі бір себептермен сақталмайды және/немесе сақталмайды (түсіндірмелер көрсетілген), ҚБК ережелерінің 16,48% «АТСП» ҰК» АҚ қолданылмайды.




2023 жылғы талдау нәтижелері бойынша ҚБК негізгі қағидаттары мен ережелерін «АТСП» ҰК» АҚ сақтайтынын атап өтеміз. ҚБК негізгі ережелері орындалатындығы және Жалғыз акционердің күткеніне сәйкес келетіндігі туралы жеткілікті растау бар.

КБК «Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі» 1 тарауы бойынша талдау нәтижелері




Талдау нәтижелері бойынша «АТСП» ҰК» АҚ осы бөлім бойынша корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі ҚБК талаптарына 77% сәйкес келеді.

КБК «Акционерлердің құқықтары» II тарауы бойынша талдау нәтижелері



Талдау нәтижелері бойынша «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі осы бөлім бойынша ҚБК талаптарына 43% сәйкес келеді.

КБК «Директорлар кеңесі мен Атқару органының тиімділігі» III тарауы бойынша талдау нәтижелері




Талдау нәтижелері бойынша «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі осы бөлім бойынша КБК талаптарына 89% сәйкес келеді, бұл ретте талаптардың 3% қолданылмайды.

Алайда, талдау нәтижелері бойынша «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі 7% ішінара сәйкес келеді және белгілі бір себептерге байланысты 1% сәйкес келмейді. «АТСП» ҰК» АҚ қазіргі уақытта төменде көрсетілген КБК негізгі талаптарына сәйкес келмейді және ішінара сәйкес келеді және корпоративтік басқару тәжірибесін КБК ережесіне сәйкес келтіру үшін төмендегідей шаралар ұсынады:


	КБК кодексінің негізгі талаптарына сәйкессіздік салалары	Енгізуге арналған түсіндірмелер мен шаралар
1.	Қор мен ұйымдар қызметтің үздіксіздігін және Директорлар кеңесі құрамының прогрессивті жаңаруын қолдау үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспарларының болуын қамтамасыз етуі қажет	Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспары бекітілмеген. 2024 жыл соңына дейін аталған құжатты дайындау және бекіту жоспарлануда.

КБК IV. «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» тарауы бойынша талдау нәтижелері



Талдау нәтижелері бойынша «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі осы бөлім бойынша КБК талаптарына 67% сәйкес келеді.

КБК V. «Ашықтық» тарауы бойынша талдау нәтижелері



Талдау нәтижелері бойынша «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі осы бөлім бойынша КБК талаптарына 86% сәйкес келеді.

БАСҚАРМА

Басқарма мүшелерін іріктеу критерийлері

АТСП» ҰК» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. Басқарма төрағасының өкілеттігін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің құзыретіне кіреді.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 1 қазандағы шешімімен бекітілген «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы туралы ережеге «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының өкілеттік мерзімі 3 жыл құрайды, «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы мүшелерінің саны кемінде үшеу болу керек, бұл сақталады.

Кандидаттар бойынша ұсыныстар мен Басқарма құрамына сайлауды Директорлар кеңесінің қарауына «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы енгізеді. Басқарма төрағасы ұсынған кандидатты Директорлар кеңесі Басқармаға екінші рет сондай бос лауазымға қабылдамаған жағдайда, осы бос лауазымға кандидат бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне ауысады.

Басқарма мүшелерін сайлау Директорлар кеңесі айқындайтын барынша ашық және айқын рәсімдер негізінде жүргізіледі.

Басқарма құрамындағы өзгерістер

2023 жылғы 9 тамызда «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарма құрамында «АТСП» ҰК» АҚ мынадай өзгерістер болды:

- 1) «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының сандық құрамы анықталды - 3 адам;
- 2) «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының өкілеттік мерзімі - 2024 жылғы 1 ақпанға дейін айқындалған;
- 3) «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма мүшелері болып сайланды: -

Уилсон Марина Анатольевна, «АТСП» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті;

- Амир Султанович Атамбаев, «АТСП» ҰК» АҚ бас инженері.

2023 жылғы 7 желтоқсанда «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма құрамында мынадай өзгерістер болды:

- 1) «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының сандық құрамы анықталды - 4 адам;
- 2)) «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма мүшесі болып Молдашева Ботагөз Мұратқызы «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі вице-президенті жалпы «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне сайланды.

Басқарманың құрамы (GRI 2-9)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы төмендегідей құрамда ұсынылды:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні
Турикпенбаев А.Н.	«АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президент)	2021 жылғы 10 ақпан

Уилсон М.А.	Басқарма мүшесі, «АТСП» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті	2023 жылғы 9 тамыз
Атамбаев А.С.	Басқарма мүшесі, «АТСП» ҰК» АҚ бас инженері	2023 жылғы 9 тамыз
Молдашева Б.М.	Басқарма мүшесі, «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі вице-президенті	2023 жылғы 7 желтоқсан



ТУРИКПЕНБАЕВ АБАЙ НОГАЕВИЧ

«АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті)

2017 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді

Туған жылы: 1964

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: С.М. Киров атындағы Қазан химия-технологиялық институты. Еуразия нарық институты

Еңбек қызметі:

1986-1989 жылдары – «Навоiazот» ӨБ (Навои, Өзбекстан) – аммиак өндірісінің химиялық жабдықтарын жөндеу шебері, аға шебер;

1989-1993 жылдары-«ПГМК» азот–түк зауыты (Ақтау, Қазақстан)-аммиак-1 цехының 6-разрядты слесарі, жабдықтарды жөндеу шебері, бөлімше механигі;

1993-1995 жылдары – «Қасқор» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – маркетинг және шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты ұйымдастыру бөлімінің 2-санатты инженері, менеджер, бастық;

1995-2000 жылдары – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – мұнай өнімдерін өткізу басқармасы бастығының орынбасары;

2000-2002 жылдары – «Павлодар мұнай–химия зауыты» АҚ (Павлодар, Қазақстан) - коммерциялық директор;

2002-2003 жылдары – «Өзенмұнайгаз» АҚ (Жаңаөзен, Қазақстан)-бақылау-талдау департаментінің директоры;

2003-2004 жылдары – «Қазақтеңізкөлікфлоты «ҰТКҚК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – салынып жатқан объектілер дирекциясы директорының міндетін атқарушы, директордың орынбасары;

2004-2008 жылдары – «ТеңізСервис» ЖШС (Ақтау, Қазақстан) – Бас директордың орынбасары;

2008-2012 жылдары – «Батуми индастриал Холдинг Лтд» директоры (Батуми, Грузия);

2013 жыл – «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ –Талдау және болжау департаментінің директоры;

2014-2015 жылдары – «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты «ҰК» АҚ - порт ғимараттары және күрделі құрылыс бөлімінің бастығы;

2015-2016 жылдар – «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты «ҰК» АҚ-техникалық мәселелер жөніндегі вице-президент;

2016-2017 жылдары – «Құрық порты» ЖШС-Бас директоры;

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті).



УИЛСОН МАРИНА АНАТОЛЬЕВНА

**«АТСП» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті
Басқарма мүшесі**

2015 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді

Туған жылы: 1966

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: «Қайнар» университеті (Алматы). Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті (Ақтау).

Еңбек қызметі:

1984-1992 жылдары – АКПО (Ақтау, Қазақстан) - жүк пен багаж қабылдау-тапсырушы;

1999-2000 жылдары – «Ақтау теңіз сауда порты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Ақтау, Қазақстан) - коммерция және жүк жұмыстары бөлімінің инженері;

2000-2003 жылдары – «АТСП» РМК (Ақтау, Қазақстан) – қаржы менеджменті бөлімінің инженері;

2004-2008 жылдары – «АХТСП» РМК (Ақтау, Қазақстан) – экономикалық талдау және тарифтік саясат бөлімі бастығының орынбасары;

2008-2012 жылдары – «АХТСП» РМК (Ақтау, Қазақстан) – стратегиялық жоспарлау және ұзақ мерзімді инвестицияларды басқару бөлімінің бастығы;

2012-2015 жылдары – «АХТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – қаржы басқармасының бастығы;

2015-2016 жылдары – «АХТСП» ҰК» АҚ вице-президенті;

2016 жылдан – «АТСП» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті.



Атамбаев Амир Султанович

«АТСП» ҰК» АҚ бас инженері, Басқарма мүшесі

2023 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді

Туған жылы: 1966

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты (Алматы қаласы), Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті (Ақтау қаласы).

Еңбек қызметі:

1999-2008 жылдар – Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті (Ақтау қаласы, Қазақстан) – Маңғыстау облысы бойынша КБД «Ақтау теңіз порты» кеден бекетінің бастығы;

2008-2009 жылдар – Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті (Ақтау қаласы, Қазақстан) – Маңғыстау облысы бойынша КБД кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасының бастығы;

2009-2010 жылдар – Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті (Ақтау қаласы, Қазақстан) – Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті бастығының орынбасары;


2011-2013 жылдар - «Alliance Logistic» ЖШС департаменті (Ақтау қаласы, Қазақстан) – Қаржылық директор;

2016 жыл – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау қаласы, Қазақстан) – бас механик;

2016-2017 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау қаласы, Қазақстан) – жоспарлау-өндірістік бөлім бастығы;

2016-2017 жылдар – – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау қаласы, Қазақстан) – техникалық мәселелер жөніндегі вице-президент;

2018 жылдан бері – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау қаласы, Қазақстан) – бас инженер.



Молдашева Ботагоз Мураткызы

«АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі вице-президенті, Басқарма мүшесі

2023 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді.

Туған жылы: 1970

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты (Алматы қаласы), Ақмола қаржы-экономикалық колледжі (Астана қаласы), РФ Үкіметі жанындағы Қаржы академиясы (Мәскеу қаласы), Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті (Мәскеу қаласы)

Еңбек қызметі:

1992-1993 жылдар – «Маңғышлақмұнай» ӨБ (Ақтау, Қазақстан) – мұнай өндіру міндеттерін пайдалану бюросының инженер-бағдарламашысы;

1993-1995 жылдар – Маңғыстау облысы бойынша салық инспекциясы (Ақтау, Қазақстан) – бағдарламақы қамтамасыз ету жөніндегі бас маман;

1995-1996 жылдар – Маңғыстау облысы бойынша салық инспекциясы (Ақтау, Қазақстан) – жанама салықтар бөлімінің салық инспекторы;

1996 жыл – Міндетті медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облыстық бөлімшесі (Ақтау, Қазақстан) – медициналық сақтандыру бөлімінің маманы;

1996 жыл – Міндетті медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облыстық бөлімшесі (Ақтау, Қазақстан) – медициналық сақтандыру бөлімі бастығының міндетін атқарушы;

1996-1997 жылдар – Міндетті медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облыстық бөлімшесі (Ақтау, Қазақстан) – медициналық сақтандыру бөлімінің бастығы;

1997-1998 жылдар – Міндетті медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облыстық бөлімшесі (Ақтау, Қазақстан) – сақтандырушылармен және медициналық ұйымдармен есептесу бөлімінің бастығы;

1998-1999 жылдар – Міндетті медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облыстық бөлімшесі (Ақтау, Қазақстан) – қаржы бөлімінің бастығы;

1999-2000 жылдар – Міндетті медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облыстық бөлімшесі (Ақтау, Қазақстан) – ревизия және тарифтік саясат бөлімінің бастығы;

2000 жыл – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – салық жөніндегі бухгалтер;

2000 жыл – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – салық және кеден ісі жөніндегі 1 санатты маман;

2001-2002 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – салық, кедендік жоспарлау және есеп жүргізу тобының жетекшісі;

2004-2005 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – инвестициялар және АЭА жөніндегі топ жетекшісі;

2005-2006 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – инвестициялар және АЭА бөлімінің бастығы;

2006-2011 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – қаржы-жоспарлау басқармасының бастығы;

2011-2011 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – бас бухгалтер – қаржы-басқармасының бастығы;

2011-2018 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) - бас бухгалтер;

2018-2022 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) - бас бухгалтер – бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру департаментінің директоры;

2022-2023 жылдар – «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) –корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі вице-президенттің міндетін атқарушы;

2023 жылдан бері - «АТСП» ҰК» АҚ (Ақтау, Қазақстан) – корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі вице-президент.

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарма қызметі туралы есепті дайындау жыл сайын, корпоративтік басқару кодексінің 2-бөлімінің 7-тарауының 5-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Компанияның жылдық есебін дайындау шеңберінде, есептік кезеңдегі Басқарма қызметінің қорытындыларын жариялау мақсатында жүзеге асырылады.

2023 жылы Басқарма отырыстары «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен бекітілген оның жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Қажет болған жағдайда Басқарманың кезектен тыс отырыстары өткізілді.

2023 жылы Басқарма 24 отырыс өткізді (барлық отырыстар ашық тәртіпте өткізілді), онда 7 мәселе қаралып, Компания қызметінің түрлі бағыттары бойынша 193 шешім қабылданды.

Басқарма мүшелерінің қатысуы

Төменде «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма мүшелерінің есептік жылғы қатысуы бойынша мәліметтер келтірілген.

<i>Директорлар кеңесінің мүшесі</i>	Сайланған / өкілеттік мерзімінің аяқталатын күн	Есептік мерзім	Отырыстарға қатысу
<i>Турикпенбаев А.Н., «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президент)</i>	10.02.2021 ж. 01.02.2024 ж.	01.01.2023 ж. 31.12.2023 ж.	24/24
<i>Тлеугали У.С., корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі вице-президент, Басқарма мүшесі</i>	03.07.2021 ж. 07.07.2023 ж.	01.01.2023 ж. 07.07.2023 ж.	0/24
<i>Уилсон М.А., «АТСП» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті, Басқарма мүшесі</i>	07.07.2020 ж., 07.07.2023 ж.	01.01.2023 ж. 07.07.2023 ж.	13/13
	09.08.2023 ж. 01.02.2024 ж.	09.08.2023 ж.– 31.12.2023 ж..	10/11
<i>Атамбаев А.С., «АТСП» ҰК» АҚ бас инженері, Басқарма мүшесі</i>	09.08.2023 ж. 01.02.2024 ж..	09.08.2024 ж.– 31.12.2023 ж..	10/11
<i>Молдашева Б.М., корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі вице-президент, Басқарма мүшесі</i>	07.12.2023 ж., 01.02.2024 ж..	07.12.2023 ж. 31.12.2023 ж..	2/2

Басқарма отырыстарында қаралған мәселелер

Есептік жылы негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру шеңберінде Басқарма мәселелер бойынша қарап, шешімдер қабылдады:

- «АТСП» ҰК» АҚ құрылымы мен штат кестесі;
- «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінің қызметі мен еңбекақы төлеуді бағалау;
- «АТСП» ҰК» АҚ тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау;
- корпоративтік басқару;
- «АТСП» ҰК» АҚ бюджеті және даму жоспары;
- сатып алу рәсімдері;
- «АТСП» ҰК» АҚ өтімсіз тауарлық-материалдық қорларын есептен шығару/кәдеге жарату;
- Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала мақұлдау.

- «АТСП» ҰК» АҚ тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау;
- корпоративтік басқару;
- «АТСП» ҰК» АҚ бюджеті және даму жоспары;
- сатып алу рәсімдері;
- «АТСП» ҰК» АҚ өтімсіз тауарлық-материалдық қорларын есептен шығару/кәдеге жарату;
- «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала мақұлдау.

2023 жыл ішінде «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы келесі құжаттарды бекітті:

- Штат кестелері, еңбекақы төлеу шарттары «АТСП» ҰК» АҚ еңбекақы төлеудің грейдерлік жүйесімен айқындалған қызметкерлердің тізбелері;
- «АТСП» ҰК» АҚ коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету қағидалары;
- «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлері мен тәуелсіз директорларының қызметтік іссапарлары туралы ереже;
- «АТСП» ҰК» АҚ әкімшілік-басқару қызметкерлеріне және өндірістік жұмыскерлердің жекелеген лауазымдарына еңбекақы төлеу және сыйақы беру қағидаларына, «АТСП» ҰК» АҚ өндірістік жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру қағидаларына толықтырулар.

ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ МАРАПАТТАУ САЯСАТЫ (GRI 2-19, 2-20)

«АТСП» ҰК» АҚ-да өз қызметінде «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін басшы қызметкерлер, қызметкерлер үшін әкімшілік-басқару қызметкерлері мен өндірістік жұмыскерлердің жекелеген лауазымдары үшін грейдерленген еңбекақы төлеу жүйесі жұмыс істейді.

Басшы қызметкерлерге алқалы атқарушы орган - «АТСП» ҰК» АҚ («АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы және мүшелері) мүшелері жатады..

Директорлар кеңесіне өз қызметінде есеп беретін қызметкерлер – «АТСП» ҰК» АҚ еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын және корпоративтік хатшы, комплаенс-бақылаушы лауазымдары бойынша қызметкерлер болып табылатын жеке тұлғалар.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне өз қызметінде есеп беретін басшы қызметкерлер мен қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру қағидаларымен («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 26 қарашадағы шешімімен бекітілген), енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің грейдерленген еңбекақы төлеу жүйесі, қосымша ақылар мен үстеме ақылар жүйесі, сыйақылар төлеу жағдайларында лауазымдық жалақыларды белгілеу және қайта қарау тәртібі мен шарттары, басшы қызметкерлер мен қызметкерлерге төлеу тәртібі мен шарттары, өз қызметінде «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша есептік жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар көзделген.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшы туралы ережеге сәйкес корпоративтік хатшы лауазымы компанияның органдары мен лауазымды адамдарының «АТСП» ҰК» АҚ жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін іске асыруға кепілдік беретін корпоративтік басқару қағидалары мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі.

Корпоративтік хатшы өз қызметінде «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне есеп береді және «АТСП» ҰК» АҚ атқарушы органынан тәуелсіз болады.

Есептік кезеңде корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің тиімді қызметін, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер және «АТСП» ҰК» АҚ басшылығы арасындағы нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету міндеттерін қоса, компанияның ішкі құжаттарында көзделген міндеттер мен функциялардың кең ауқымын іске асыруды қамтамасыз етті.

Мәселен, 2023 жылы корпоративтік хатшының негізгі функциялары мен міндеттерін іске асыру шеңберінде:

- Директорлар кеңесінің 9 отырысы (жоспарда 6 отырыс) өтті, Директорлар кеңесі комитеттерінің 18 отырысы (жоспарда 12 отырыс), «АТСП» ҰК» АҚ менеджментімен көптеген жұмыс кездесулері, оның ішінде бейнеконференция форматында өткізілді;
- «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруын жетілдіру жоспары шараларының орындалуын жүйелі түрде үйлестіру жүргізілді;
- Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу тәсілі мен жоспары айқындалып, соған сәйкес 2023 жылғы нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелеріне сауалнама жүргізілді;
- «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымдар енгізу бағдарламасының, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін даму жоспарларының жобалары талқыланып, пысықталды;
- «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің 2023 жылғы шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізілді.

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУШЫ (GRI 2-16)

«АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысы «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысы туралы ережеде белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік ететін «АТСП» ҰК» АҚ тәуелсіз қызметкері болып табылады. 2023 жылғы тамызда «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының өкілеттігі Директорлар кеңесінің шешімімен 2026 жылғы 11 шілдеге дейін ұзартылды.

Есептік кезеңде «АТСП» ҰК» АҚ комплаенс-бақылаушысының негізгі функциялары мен міндеттерін іске асыру шеңберінде:

- «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудың 2023 жылға арналған жоспар – бағдарламасы (бұдан әрі-оқыту жоспары) әзірленіп, оны «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті) бекітті. Осы оқу жоспарына сәйкес, «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық-оқыту іс-шаралары 2023 жылғы 3 және 4-тоқсандарда өткізілді;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған «АТСП» ҰК» АҚ лауазымдары мен функцияларының тізбесі айқындалып, оны «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті) бекітті. Аталған құжат жобалары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс-қызметіне мәлімет үшін жіберілді;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс-қызметінің (бұдан әрі – ЦКС) тапсырмасы бойынша «АТСП» ҰК» АҚ жұмысқа орналасудан заңсыз бас тарту мәселесі бойынша Мұнасаев Мұхтар Қоңырұлының өтініші бойынша тексеру жүргізілді, ол ЦКС 2023 жылғы 1 маусымнан бастап

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетінен келіп түсті. «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысы осы өтініш бойынша көрсетілген дәлелдер мен тиісті құжаттамаға талдау жүргізіп, жауап Орталық комитетке жолданды (өтініш бойынша дәлелдер расталмады);

- «АТСП» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару департаментімен және «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік даму және PR департаментімен бірлесіп, және басшы қызметкерлерін лауазымдық нұсқаулыққа енгізу жұмысы жүргізілді (Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, сондай-ақ бақылау-өкімдік міндеттерді орындау функциялары) қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылық;

- «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы (Президенті) А. Н. Түрікпенбаевпен бірлесіп, 2023 жылғы 12 сәуірде Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Маңғыстау облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі - ҚМ БЖК) шақыруы бойынша ҚМ БЖК (Ақтау қ.) ғимаратында ҚМ БЖК басшылығымен және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басқа да басшылары, кеңеске қатысты аймақтың және комплаенс-қызметтердің қызметкерлері аталған кеңес барысында өңірдің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және комплаенс-қызметтердің жұмысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістер мен инновацияларды талқылады;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының орындалуына, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының 2022 жылғы 2-жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарының 1-тармағын орындау шеңберінде «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылғы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізілді. «АТСП» ҰК» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша есеп оған қосымшалармен бірге 2023 жылғы 1-тоқсандағы «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының қызметі туралы есепке № 1 қосымшада ұсынылған;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарының орындалуын мониторингілеу, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕТҰ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының 203-тармағын орындау шеңберінде . «АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізілді (2023 жылға 2023 жылғы 29 қыркүйектегі хаты). 2023 жылғы «АТСП» ҰК» АҚ Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша есеп оған қосымшалармен бірге Комплаенс-бақылаушының «АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылғы 2-ші жартыжылдығындағы қызметі туралы есепке №1 қосымшада ұсынылған.

- «АТСП» ҰК» АҚ материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы қызметкерлерінің сатып алу процестеріне байланысты өз қызметінде біліктілікті арттыру бойынша мамандандырылған оқитудан өтуі қамтамасыз етілді. 2023 жылғы 23 желтоқсан «Самұрық Бизнес Академиясы» ЖМ жасалған 2023 жылғы 15 желтоқсандағы Шартқа сәйкес сатып алу процестерімен байланысты «АТСП» ҰК» АҚ 9 (тоғыз) қызметкері ЗУМ-конференция арқылы оқыту шарасына қатысты. Осы оқудан кейін «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлеріне сертификаттар берілді;

- «АТСП» ҰК» АҚ негізгі қызмет шарттары бойынша контрагенттердің сенімділігін тексеру жүзеге асырылды, олар 2023 жылғы 1-ші, 2-ші тоқсан мен 2-ші жартыжылдық есептеріне №2 қосымшада ұсынылған. Барлық аталған контрагенттер мен олардың бенефициарлық иелері «АТСП» ҰК» АҚ комплаенс-рәсімдер нормаларына сәйкестігі, қолда бар іскери беделі мен сенімділігі, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ іскери қатынастар орнату кезінде сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тұрғысынан тексерілді.

- «АТСП» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдары қаралды, олар "«АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының 2023 жылғы 1-ші, 2-ші тоқсандағы және 2-ші жартыжылдықтағы қызметі туралы есептерге №3 қосымшада ұсынылған, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің материалдары «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің және «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша, олар «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының қызметі туралы 2023 жылғы 1-ші, 2-ші тоқсандағы және 2-ші жартыжылдықтағы есептеріне №4 қосымшада ұсынылған. «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының 2023 жылғы 1-ші, 2-ші тоқсандар мен 2-ші жартыжылдықтағы қызметі туралы есептерге №3 және №4 қосымшаларда сараланған барлық материалдар «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының уақтылы қаралып, «АТСП» ҰК» АҚ комплаенс-рәсімдеріне сәйкестігі тұрғысынан талданды.

Жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі шеңберінде «АТСП» ҰК» АҚ ұжымының назарына 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен олардың жұбайлары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны (Жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кірген бірінші жылы 250.00-нысан), Табыс және мүлік туралы декларация (кейінгі жылдары 270.00-нысан) ұсынуға міндетті екендігі жеткізілді. Салық кодексінің 632-бабының 1-тармағына сәйкес Активтер мен міндеттемелер туралы декларация, егер 632-баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, тұрғылықты (болған) жері бойынша электрондық түрде декларация ұсыну міндеттемесі туындаған ағымдағы жылғы 15 қыркүйектен кешіктірілмей беріледі. Ақтау қаласының мемлекеттік кірістер басқармасымен түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының сұрауы бойынша «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлері үшін жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде декларациялар толтыру және ұсыну бойынша түсініктемелер берілетін жеке қызметкер бекітілді. «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлеріне декларацияларды тікелей көрсетілген телефон арқылы немесе мессенджер арқылы толтыру және ұсыну мәселелері бойынша Ақтау МКД осы қызметкеріне жүгінуге болатындығы жеткізілді. Сондай-ақ Facebook парақшасы «UNIVERSAL_DECLARATION_KZ» «Instagram» аккаунты, «Қазақстан Республикасында Жалпыға бірдей декларациялау» әлеуметтік желілері арқылы жүзеге асырылатыны туралы «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінің назарына жеткізілді. Жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі шеңберінде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00-нысан) беруге міндетті адамдарды толық қамту мақсатында, сондай-ақ осы тұлғалардың салық заңнамасының нормаларын бұзуын және ұсынылатын салық есептілігі нысандарының үлкен ағынына байланысты бағдарламалардың ықтимал техникалық іркілісін алып тастауы барлық қызметкерлердің назарына 2023 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде 250.00 нысанын ұсыну міндеттемесі туралы электрондық түрде және кадр бөлімшесіне салық есептілігін қабылдау немесе қабылдамау туралы хабарламаның көшірмесін ұсыну қажеттілігі туралы ақпарат жеткізілді Мемлекеттік кірістер органы 2023 жылғы 25 қыркүйекке дейінгі мерзімде (2023 жылғы 18 тамыздағы ішкі хат алмасу).

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған шаралар жоспарын (бұдан әрі - «ҚТЖ» ҰК» АҚ жоспары) қамтитын 2021 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау туралы есеп бекітілді («ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕҰ). Сондай-ақ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау қорытындылары бойынша және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы 2023 жылғы 31 наурызда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою шараларының жоспарын бекітіп, келіскен болатын, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕҰ бойынша жоспар). Сонымен қатар, «АТСП» ҰК» АҚ президентінің міндетін атқарушы Уилсон М.А. ҚМ бойынша ҚАПК бекітіліп, келісілді, ҚМ бойынша жүргізілген «АТСП» ҰК» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдаудың талдамалық анықтамасына ұсынымдарды орындау шараларының жоспары (бұдан әрі - «АТСП» ҰК» АҚ бойынша жоспар). Бұл ретте «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысына «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕҰ жоспарының, «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЕАК жөніндегі жоспарының, «АТСП» ҰК» АҚ ЕАК жөніндегі жоспарының тармақтарын орындау мәртебесі бойынша «АТСП» ҰК» АҚ комитеті мен Директорлар кеңесі мүшелеріне мониторинг және хабардар ету бекітілді. «АТСП» ҰК» АҚ Комплаенс-бақылаушысының қызметі туралы тоқсан сайынғы есептер шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жоспардың 83, 84, 85, 86, 87, 88-тармақтарының және «АТСП» ҰК» АҚ ВАКР бойынша жоспардың барлық тармақтарының орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат «АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылғы 23 ақпандағы, 2023 жылғы 15 наурыздағы, 2023 жылғы 19 сәуірдегі, 2023 жылғы 29 мамырдағы, 2023 жылғы 6 маусымдағы, 2023 жылғы 6 маусымдағы, 2023 жылғы 30 маусымдағы хаттарында көрсетілген. «АТСП» ҰК» АҚ осы хаттарының көшірмелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ мекен-жайына «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕҰ бойынша ВАКР жоспары шараларының орындалуы бойынша ақпаратты шоғырландыру мақсатында жіберілді.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ (GRI 2-15)

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «АТСП» ҰК» АҚ мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясаты әрекет етіп, «АТСП» ҰК» АҚ ресми веб-сайтында орналастырылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтау шеңберінде компанияда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, сондай-ақ мүдделер қақтығысына жол бермеу және шешу шараларын, сондай-ақ мүдделер қақтығысына жол бермеу міндеттемелерін орындамағаны үшін компанияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жауапкершілігін көздейтін Іскери әдеп кодексі қолданылады.

«АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы «АТСП» ҰК» АҚ ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалары мүдделер қақтығысы декларацияларын егжей-тегжейлі толтырып, қол қойды.

2023 жыл қорытындысы бойынша «АТСП» ҰК» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделерінің ықтимал не нақты қақтығыстарына жол бермеу/ болдырмау бойынша барлық қажетті шаралар қабылданды.

КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП (GRI 2-26)

Әдеп стандарттары мен нормаларын қалыптастыру және қолдау мақсатында Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының әдеп және мінез-құлық кодексінің («ҚТЖ» «ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен (№14 хаттама), сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ Іскери әдеп кодексінің ережелерін басшылыққа алады (Басқарма төрағасының (Президенттің) 2020 жылғы 07 сәуірдегі №234-НҚ бұйрығымен бекітілген, олар «АТСП» ҰК» АҚ лауазымды адамдарының/қызметкерлерінің мінез-құлығының негіз қалаушы қағидаттары мен нормаларын белгілеп, «АТСП» ҰК» АҚ ішіндегі қарым-қатынас ережелерін айқындайды, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ мүдделі тұлғалармен қарым-қатынасы және атқаратын лауазымына қарамастан «АТСП» ҰК» АҚ барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарда «АТСП» ҰК» АҚ қызметі қалыптасатын мынадай негізгі корпоративтік құндылықтар айқындалған: адалдық, әдептілік, адамдарға құрмет, өзара көмек пен сенім, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік мәдениетінің өзгермейтін құндылықтары: қауіпсіздік, сапа және қоршаған ортаны қорғау, жауапкершілік, тұрақты даму және өзара өркендеу, топ болып жұмыс істей білу, ашық дамуға, кәсібилікке және өз ісіне деген мақтаныш.

Қызметкерлер мен басқа адамдар корпоративтік әдеп бойынша кеңес алуға жүгіне алады және/немесе корпоративтік әдептің, адам құқықтарының, жалдау мен еңбек жағдайларының тең болмауы, ұрлық, компания қызметкерлері немесе лауазымды тұлғалары жасаған сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар, денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп-қатерлер туралы нақты және болжамды бұзушылықтар туралы хабарлай алады:

- өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ комплаенс-қызметінің басшысына;
- «жедел желі» арқылы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік омбудсменіне (еңбек құқықтарын бұзу мәселелері бойынша).

Бұдан басқа, «АТСП» ҰК» АҚ басшылығы қабылдау кестесіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады. Қабылдау кестесі мен тәртібі туралы толық ақпаратпен «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік сайтында <https://www.portaktau.kz>. «Байланыстар» бөлімінде танысуға болады.

«Жедел желі» жұмысы туралы хабарлау баннерді «АТСП» ҰК» АҚ ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ кеңсе және өндірістік жайларындағы ақпараттық стенділерде орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Есептік кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының әдеп және мінез-құлық кодексінің, сондай-ақ «АТСП» ҰК» АҚ Іскери әдеп кодексі ережелерін бұзу деректері «АТСП» ҰК» АҚ басшылары мен қызметкерлері тарапынан тіркелмеген.

Еңбек даулары

«АТСП» ҰК» АҚ сот органдарына жүгінгенге дейін қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясы жұмыс істейді (2022 жылы қолданылып жүрген құрам 2019 жылғы 20 мамырдағы № 49-НҚ бұйрықпен тағайындалған).

2022 жыл ішінде «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінен келісім комиссиясына өтініштер түскен жоқ.

«АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінен келіп түсетін әлеуметтік-еңбек шағымдары мен өтініштері (өтініштердің күні, түрі мен сипаты, сондай-ақ қабылданған шешімдер туралы ақпаратпен) бойынша мәліметтер тоқсан сайын «Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы» ЖМ ақпараттың осы түрін шоғырландыру және одан әрі жіберу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарын басқару департаментіне ұсынылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ (GRI 2-2, 2-3, 2-12, 2-14)

«АТСП» ҰК» АҚ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсіне отырып, 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ орнықты даму саласындағы саясатта айқындалған төмендегідей қағидаттарды дамыту жолымен «АТСП» ҰК» АҚ орнықты дамудың тиісті жүйесін қалыптастыру жұмысын жалғастыруда (АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» 2021 жылғы 24 мамырдағы):

- «АТСП» ҰК» АҚ қызметінің ашықтығы, есептілігі, ашықтығы;
- қызметкерлердің әдеп мінез-құлқы;
- қызметкерлерге әділ сыйақы;
- мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу;
- заңдылық, адам құқықтарының сақталуы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- мүлікке ұқыпты қарау, қаржы қаражатын тиімді пайдалану, тиісті сападағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- жеке мысал.

Директорлар кеңесі мен «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы басқарушылық шешім қабылдаған кезде тұрақты даму саласындағы «АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде («ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 20215 жылғы 13 қазандағы шешімімен бекітілген) бекітілген жоғарыда аталған қағидаттарды басшылыққа алады.

Барлық жұмыскерлер, әрқайсысы өз деңгейінде жеке мінез-құлығымен және «АТСП» ҰК» АҚ тиісті ішкі құжаттарын сақтау жолымен тұрақты даму саласындағы қағидаттарды енгізеді.

«АТСП» ҰК» АҚ экономикалық, экологиялық және әлеуметтік үш бөлімнің келісілушілігін ескере отырып, өз қызметін жүзеге асыру шараларын қабылдауда.

Экономикалық бөлім «АТСП» ҰК» АҚ қызметін ұзақ мерзімді құн өсіруге, Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігі мен еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Экологиялық бөлім биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайтуды, шектелген ресурстарды тиімді пайдалануды, экологиялық, энергия мен материалды үнемдеу технологияларын қолдануды, қалдықтарды азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік бөлім өзгелердің арасында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және жұмыскерлердің денсаулығын сақтауды, әділ сыйақы төлеу және жұмыскерлер құқықтарын құрметтеуді, қызметкерлерді жеке дамытуды, жұмыскерлер үшін әлеуметтік

бағдарламаларды жүзеге асыруды, демеушілік пен қайырымдылықты, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді қамтитын әлеуметтік жауапкершілік қағидаларына бағытталған.

Жыл сайынғы негізде «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін «АТСП» ҰК» АҚ жылдық есебін, орнықты даму саласындағы есепті қалыптастырып, әдетте оның құрамына кіреді.

Тұрақты даму саласындағы есептің мақсаты - мүдделі тараптарға «АТСП» ҰК» АҚ және оның 2023 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметі туралы тұрақты дамудың үш аспектісі: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық бойынша толық және анық ақпарат беру.

2023 жылғы №3 (Тұрақты дамуды қамтамасыз ету) стратегиялық мақсатына қол жеткізу нәтижелері (GRI 2-22)

2023 жылы «Тұрақты дамуды қамтамасыз ету» стратегиялық мақсатына оның стратегиялық бастамаларын іске асыру арқылы қол жеткізу нәтижелері туралы ақпарат осы есептің «Даму стратегиясы» бөлімінде берілген.

2023 жылы тұрақты даму саласындағы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау нәтижелері

2023 жылы тұрақты даму саласындағы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау нәтижелері бойынша ақпарат осы есептің «Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп» бөлімінде ұсынылған.

2023 жылы «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған кешенді жоспардың «Тұрақты даму» 3-бөлімі шараларының орындалу нәтижелері

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қазандағы шешімімен бекітілген «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2023-2024 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – кешенді жоспар) тұрақты даму саласындағы бірқатар шараларды қамтиды.

2023 жыл қорытындысы бойынша кешенді орындау туралы есеп «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 мамырдағы шешімімен бекітілген және «орындалды», «орындалуд», «орындалмады» және «қолданылмайды мәртебесі бар шаралар санын көрсете отырып, бес бөлім бойынша талдау болып табылады. «Тұрақты даму» 3-бөлімінің 5 шарасының орындалу мерзімі 2023 жыл, 2023 жыл қорытындысы бойынша 5 орындалды.

Кешенді жоспардың «Тұрақты даму» 3-бөлімі шараларының 2023 жылы орындау нәтижелері бойынша ақпарат:

Кешенді жоспар тармағы	Шара	Орындалуы туралы мәлімет
------------------------------	------	--------------------------

3.1	«АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы басқарушы және өндірістік жұмыскерлерді оқыту және біліктілік арттыру бағдарламасын (қызметкерлер бойынша нақты оқыту бағыттарын көрсете отырып) жыл сайын қабылдау рәсімін енгізу керек.	«АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының (Президентінің) 2023 жылғы 23 ақпандағы бұйрығымен «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың 2023 жылға арналған жоспары бекітілді.
3.3	«АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы «АТСП» ҰК» АҚ еңбекті қорғаудың және кешенді қауіпсіздігінің жай-күйі туралы есепті «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығаруды қамтамасыз ету керек.	«АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылғы Кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайы туралы есебі «ҚТЖ» ҰК» АҚ есебінің құрамына кірді («ҚТЖ» ҰК» 2023 жылғы 16 наурыздағы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген).
3.4	«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2023 жылға ESG рейтингін жақсарту шараларының орындалуы	2023-2024 жылдарға арналған ESG рейтингін жақсарту бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жол картасы шараларын орындаудың ағымдағы мәртебесі туралы ақпарат тоқсан сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Стратегия және тұрақты даму департаментіне ұсынылды (2023 жылғы 13 сәуірдегі, 2023 жылғы 01 маусымдағы, 2023 жылғы 28 шілдедегі, 2023 жылғы 10 қарашадағы шығыс хаттар)
3.6	«АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма мүшелерінің арасынан тұрақты даму жөніндегі демеушіні (енгізу барысына жауапты) тағайындап, оған тұрақты даму жүйесіне бастамашылық жасағаны, үйлестіргені және енгізгені үшін жауапкершілік жүктеу керек	«АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 08 қарашадағы шешімімен тұрақты даму бойынша демеуші болып бас инженер (Басқарма мүшесі) А.С. Атамбаев тағайындалды.
3.7	Тұрақты дамуға арналған «АТСП» ҰК» АҚ веб-сайтының тарауларын жаңарту	«АТСП» ҰК» АҚ ресми интернет-ресурсының «Тұрақты даму» бөлімі жаңартылды. 2023 жылы «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 7 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «АТСП» ҰК» АҚ тұрақты даму саласындағы 2022 жылғы есебі мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерінде орналастырылды.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ (GRI 2-29)

Мемлекеттің, бизнестің және халықтың қажеттіліктерін жақсы түсіну, тиімді кері байланыс және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында «АТСП» ҰК» АҚ барлық мүдделі тараптармен ашықтық және ақпараттық ашықтық қағидаттарында диалог құруға ұмтылады. Мүдделі тараптар «АТСП» ҰК» АҚ қызметі туралы ақпаратты:

- 1) мақсаты мүдделі тараптарға Ақтау теңіз порты және оның қызметі туралы толық және анық ақпарат беру болып табылатын «АТСП» ҰК» АҚ жылдық есебінен;
- 2) тұрақты даму саласындағы есептен;
- 3) «АТСП» ҰК» АҚ ресми интернет-ресурсындағы ақпараттан;
- 4) «АТСП» ҰК» АҚ қарайтын заңды және жеке тұлғалардың өтініштерінен;
- 5) БАҚ-тағы "«АТСП» ҰК» АҚ тиісті оқиғалары туралы пресс-релизден;
- 6) брифингтерден;
- 7) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашылатын ақпараттан алады.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАР (GRI 2-30)


Қызметкерлердің 100% «АТСП» ҰК» АҚ ұжымдық шартымен қамтылған.

«АТСП» ҰК» АҚ Ұжымдық шартына 7-қосымша болып табылатын кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің ұжымдық шартқа қосылу тәртібіне сәйкес Ұжымдық шарт талаптары мен қолданылуы олардың атынан ұжымдық шарт жасалған жұмыс берушіге және оған қосылған жұмыскерлерге қолданылады.

Кәсіподақ пен «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлері арасында жасалған Ұжымдық шартқа қосылу шарты Жұмыс берушімен еңбек шартын жасасу болып табылады.

ҚЫЗМЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ (GRI 3-1, 3-2, 3-3)

Осы есепте ашу үшін маңызды тақырыптарды айқындау мақсатында «АТСП» ҰК» АҚ негізгі мүдделі тараптарға («АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлеріне, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлеріне, «АТСП» ҰК» АҚ кәсіподақ ұйымының қызметкерлеріне, «АТСП» ҰК» АҚ клиенттері мен жеткізушілеріне) Ақтау теңіз порты қызметінің үш аспектісі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан олардың пікірі бойынша неғұрлым маңызды тақырыптар бойынша сауалнама жүргізілді.



Барлығы GRI стандарттарында қарастырылған 31 тақырып ұсынылып, оның ішінде

сауалнама нәтижелері бойынша негізгі мүдделі тараптардан ең көп дауыс алған 6 маңызды тақырып анықталды:

- **GRI 201** – Экономикалық нәтижелілік;
- **GRI 303** – Су және шығарындылар;
- **GRI 305** – Шығарындылар;
- **GRI 401** – Қамту;
- **GRI 402** – Еңбек қатынастары;
- **GRI 403** – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік.

Төменде негізгі мүдделі тараптардың пікірінше, жоғарыда аталған 6 маңызды Тараптың әрқайсысының GRI стандарттарына сәйкес ашу туралы ақпарат берілген.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК (GRI 201)

ҚҰРЫЛЫП, БӨЛІНГЕН ТІКЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН (GRI 201-1)

2023 жылғы өндірістік көрсеткіштер, шығындар, пайда мен залалдар, ақша қаражат қозғалысы туралы ақпарат осы Жылдық есептің «қойылған міндеттерге қатысты қызметті шолу және талдау» бөлімінде ашылған.

Төменде «АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылға арналған тәуекелдер тізіліміне енгізілген Климаттық тәуекел - теңіз деңгейінің төмендеуі туралы ақпарат берілген.

Теңіз деңгейінің төмендеу тәуекелі

Климаттық тәуекелдерге ауа-райының өзгеруі немесе табиғи апаттар нәтижесінде өндірістік активтердің физикалық зақымдану қаупі кіруі мүмкін.

Каспий бассейні жағалауындағы мемлекеттердің теңіз порттары үшін олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі фактор Каспий теңізінің деңгейі болып табылады.

Соңғы 20 жыл ішінде Каспий деңгейінің тұрақты төмендеуі байқалады (Ақтау теңіз портындағы су деңгейі 1,7 метрге төмендеп, әлі де төмендеу жалғасуда), бұл порт айлақтарының, кеме қатынасы жолдарының, порт акваторияларының, гидротехникалық құрылыстардың пайдалану мүмкіндіктеріне және теңізде жүзу қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.

Теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңызы бар теңіз порттарын, порт құрылыстары мен теңіз порты акваториясын пайдалану қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №519 бұйрығымен бекітілген) Акватория мен кеме қатынасы арналарына техникалық қызмет көрсету жұмыстарының тәртібі мен ұйымдастырылуы талап етілетін навигациялық габариттерді қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Тереңдіктің (батиметрияның) мерзімді өлшемдері, сондай-ақ «Қазгидромет» РМК ақпараты негізінде, Каспий бассейні елдерінің (Әзірбайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан) халықаралық метеорологиялық ұйымдарының ақпараты және Ақтау теңіз портының рельстері бойынша бақылау деректері теңіз деңгейінің төмендеу жағына қарай өзгеру

динамикасын (жыл сайын 10 – 20 см-ге) қадағалайды.

Ақтау теңіз портының рельс бойынша теңіз деңгейі 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 136 см, ал 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 155 см құрады, осылай 2023 жылғы теңіз деңгейінің төмендеуі 19 см құрады. 2023 жылғы 1 тоқсанда теңіз деңгейі іс жүзінде өзгеріссіз қалды, 2023 жылғы 2 тоқсанда теңіз деңгейінің көтерілуі байқалып, бұл маусымдық өзгерістерге байланысты (қар еру және т.б.), 2023 жылғы 3 және 4 тоқсандарда теңіз деңгейінің төмендеуі байқалды. 2023 жылғы 4 тоқсанда теңіз деңгейінің төмендеуі байқалғандықтан, бұл қауіп қызғылт сары аймаққа ауысты.

Тәуекелді төмендету шаралары

2023 жылғы 23 маусымда «Caspian Diving Service» ЖШС-мен Ақтау теңіз порты акваториясы мен канал түбінен бөгде заттарды көтеру қызметтеріне шарт жасалды. 2023 жылғы 21 қазанда бөгде заттарды көтеру жұмыстары орындалды. 2023 жылғы 18 қазанда «Ases dredging company» ЖШС-мен Ақтау теңіз порты акваториясы түбінің жергілікті учаскелерінде іріктеу және тазарту жұмыстарына шарт жасалды, ол бойынша жұмыстардың аяқталу мерзімі 2024 жылғы 15 ақпанда, алайда қолайсыз (дауылды) ауа райы жағдайларына байланысты шартты қолдану мерзімі 2024 жылғы 10 сәуірге дейін ұзартылды. Теңіз деңгейі көрсеткіштерін рейкамен бақылау арқылы күнделікті бақылау жүзеге асырылады. 2023 жылғы 22 қарашада «Ақтау порты акваториясын тереңдету» жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама сатып алу бойынша конкурстық рәсімдер өткізілді. Өнім беруші «Expert Групп» ЖШС-мен бірлесіп, «КИТНГ» ЖШС құрамындағы Консорциум болып айқындалды (2023 жылғы 22 қарашадағы сатып алу қорытындылары хаттамасы).

ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ТӨЛЕМДЕРМЕН ЖОСПАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ БАСҚА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЛАРЫ (GRI 201-3)

Төменде «АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық есептілігінде көрсетілген, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған және «АТСП» ҰК» АҚ 2023 жылғы жылдық есебіне қосымша болып табылатын ақпарат берілген.

Төлем көлемі белгіленген зейнетақы жоспары

«АТСП» ҰК» АҚ зейнеткерлікке шыққан соң белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын және осыған байланысты қызметтердің ағымдағы құнын айқындау үшін бағалаудың актуарлық әдісін пайдаланады.

Актуарлық бағалау болашақта нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін түрлі болжамдар қолдануды білдіреді. Актуарлық бағалау әдісі дисконттау мөлшерлемелері, болашақта жалақының өсуі, өлім деңгейі және болашақта зейнетақының өсуі туралы болжамдарды қамтиды. Белгіленген төлемдері бар Зейнетақы бағдарламалары бойынша міндеттемелерді бағалаудың күрделілігі мен ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осы болжамдардың өзгеруіне өте сезімтал. Барлық болжамдар әрбір есептік күнге қайта қаралады. Ең көп өзгертін параметр-дисконттау мөлшерлемесі. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін айқындау кезінде «АТСП» ҰК» АҚ басшылығы бағалау күніндегі бағаланатын зейнетақы міндеттемелері сияқты өтеу мерзіміндегі мемлекеттік облигацияларға оның тең кірістілігін айқындады.

Болашақ жалақының өсуі және зейнетақының ұлғаюы инфляцияның күтілетін болашақ қарқынына негізделген.

Ұжымдық шартқа сәйкес «АТСП» ҰК» АҚ еңбек қызметі аяқталған соң өз қызметкерлеріне

белгілі бір сыйақы төлейді («Белгіленген төлем мөлшері бар зейнетақы жоспары»).

«АТСП» ҰК» АҚ сыйақы төлеу міндеттемелерін қайта бағалаудан туындайтын актуарлық пайда мен залалды олар анықталған кезде өзге жиынтық пайда мен залал құрамында танып, сыйақы бойынша шығындар мен міндеттемелерді таниды.

Белгіленген төлем мөлшері бар Зейнетақы жоспарына сәйкес сыйақы бойынша міндеттемелер мен шығындар болжанатын шартты бірлік әдісі көмегімен айқындалады. Бұл әдіс әрбір жұмыс істеген жылды сыйақы алу құқығының қосымша бірлігіне арттыру ретінде қарастырып, қорытынды міндеттемені көрсету үшін әрбір бірлікті бөлек өлшейді. Сыйақы беру шығындары белгіленген төлем мөлшері бар Зейнетақы жоспары бойынша сыйақы формуласына сәйкес қызметкерлердің жұмыс өтілі ішінде жиынтық сыйақыларды бөлетіндей пайда мен залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Бұл міндеттеме валюта мен шарттар белгіленген төлем мөлшерімен Зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелер валютасымен және бағаланған шарттарымен салыстыруға болатын мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне ұқсас дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, ақшаның есептік Болашақ қозғалысының ағымдағы құны бойынша өлшенеді.

Белгіленген төлем мөлшері бар Зейнетақы жоспары бойынша төлемдер қызметкерлерге зейнетақы төлемдеріне құқық беретін қызметтер көрсетілуіне қарай шығындарға жатқызылады.

Белгіленген төлем мөлшері бар Зейнетақы жоспары бойынша шығындар санаттарына төмендегілер жатады:

- қызметтердің құны (ағымдағы және өткен кезеңдердегі қызметтер құнын, сондай-ақ секвестрлерден және төлемдердің белгіленген мөлшерімен Зейнетақы жоспары бойынша өтеулерден түскен пайда мен залалды қоса);
